Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ШЖМ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕХАНИЗМІ

Әдістемелік құрал

І бөлім

МЕХАНИЗМ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ОБУЧАЮЩИХСЯ В СОВМЕЩЕННЫХ КЛАССАХ МКШ ПО ДЕЙСТВУЮЩЕЙ И ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММАМ ОБУЧЕНИЯ

Методическое пособие

I часть

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 24 шілдедегі № 8 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 24 июля 2017 года).

Қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім алушыларға оқу процесін ұйымдастыру механизмі. Әдістемелік құрал. I бөлім. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 183 б.

Механизм организации учебного процесса обучающихся в совмещенных классах МКШ по действующей и обновленной программам обучения. Методическое пособие. I часть. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 183 с.

Бұл жинақта ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім беру процесін ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі және бастауыш, негізгі орта мектеп деңгейінде ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін қолданыстағы бағдарламалар және жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламаларын бейімдеу нұсқалары берілген.

Жинақ білім беру қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарына, оқулық және оқу-әдістемелік кешендердің авторларына арналған.

В сборник включен анализ международного и отечественного опыта организации образовательного процесса в совмещенных классах МКШ и механизм адаптации действующих учебных программ и программ обновленного содержания образования для совмещенных классов МКШ на уровне начальной, основной средней школы.

Сборник адресован работникам образования, учителям малокомплектных школ, институтов повышения квалификации учителей, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017
© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2017

Кіріспе

Еліміздегі білім беру жүйесінің негізгі міндеті қазақстандық қоғамның дамуына лайық және заманауи талаптарға сәйкес келетін барлығына бірдей қолжетімді біліммен қамтамасыз ету [1,2].

Қазақстан Республикасында 2016-2019 жылдарға арналған Білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ауылдық мектептердің проблемасына ерекше көңіл бөлінген [3]. Шағын жинақты мектептердің қазақстандық білім беру жүйесінде жұмыс істеуі стратегиялық тұрғыдан ғана емес, ауылдық аймақтардың дамуына әсер етуші маңызды фактор болып табылады.

Шағын жинақты мектеп өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие, мәдени орталық ретінде беретін тәлімі, сондай-ақ халық жұмыспен қамтылған өндірістік шаруашылық саласындағы алатын орны, тұрғындарының ауылдық тұрғылықты жерде тұруына ықпалын мұқият, ұқыпты қарауды талап етеді. Ауылды жерде білім беру көп жағдайда аумақтық және ақпараттық оқшаулану және оқушылар мен мұғалімдер санының аздығына, бір мезгілде екі, үш, ал кейде төрт сыныпта қатар сабақ жүргізуге мәжбүрлікке тәуелді. Осы факторлар, аталған мектептердің материалдық-техникалық базаларының әлсіздігі, ауылды жерлердегі мектептерде беретін білім сапасына әсер етеді [4,5].

Жеке мектептердің оң тәжірибесі және табысты нәтижелерінің болуына қарамастан, тұтастай алғанда, мемлекеттік аралық бақылау және ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындылары, мектеп түлектерінің одан әрі өмірлік өзін-өзі анықтауының сараптамасы шағын жинақты мектептердің әлсіз екендігін көрсетті. Сыныптарды біріктіру білім беру жұмысын ұйымдастыруды күрделендіреді, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі төмендейді.

Бір сыныпта қатар отырған әртүрлі жастағы оқушылардың өзіндік жұмыстарын және мұғаліммен бірге жүргізілетін жұмыстарын ұйымдастыру, барлық оқушыларды тапсырмамен толық қамту, сабақ жоспарын тиімді құрастыру, әр сабаққа тиянақты дайындалу, сабақты дұрыс ұйымдастыру сынды аса жауапты жұмыс мұғалімге жүктеледі. Білім беру үдерісінің ауылды жерлердегі бүгінгі таңдағы жай-күйі шағын жинақты мектеп мұғалімінің екі, үш сыныпқа сабаққа қатар дайындалуының сыртында, бір мамандық иесі бола тұра, оған бірнеше пәннен сабақ беруіне тура келеді.

Республикамыз үшін біріктірілген сыныптарда сабақ берудің бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бойынша жеке сыныптардың сабақ жоспарлары бір сабақ ретінде интеграцияланбайды, кезекпенен оқытылады және өзіндік жұмыс ретінде жалғастырылып отырады. Бала саны аз, қалыптан тыс жағдайда шағын жинақты мектепте оқушылардың жас ерекшелігіне қарай, олардың белсенділігін арттыратын, пәнаралық байланысты кіріктіретін саралап оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерінің рөлі арта түседі.

Қазіргі уақытта шағын жинақты мектептерде білім беруді жүзеге асыру қоғамның жаһандық даму тенденциясымен негізделген.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ауылдық мектептерді қоса алғанда, қазіргі уақытта жаңару процесі жүріп жатыр. Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 2019 жылға дейін жаңартылған білім беру мазмұнына өту кестесіне сәйкес [3], 2016-2017 оқу жылында 1-сыныптар толығымен көшті, ал 2017-2018 оқу жылында жаңартылған білім бағдарламасына 2,5,7-ші сыныптардың көшуі жоспарлануда, оның ішінде шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптары да бар.

Шағын жинақты мектеп жүйесі жұмысының, ондағы оқу-тәрбие процесінің тиімді жолдарын іздестіру және жаңартылған оқыту бағдарламаларына бейімдеу республикамызда білім беру мазмұнын жаңарту процесінің маңызды буыны болып табылады. Осыған байланысты қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламаларымен оқитын біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру міндеті туындайды.

Жоба мақсаты: Қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында білім алушыларға оқу процесін ұйымдастыру механизмін жасау.

Міндеттері:

1. Мониторингтік зерттеу жүргізу арқылы республика бойынша шағын жинақты мектептердің жай-күйін анықтау;
2. Шағын жинақты мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу;
3. біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру үшін қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
4. Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптары үшін орта мерзімді және қысқа мерзімді оқу жоспарларының үлгілерін әзірлеу;
5. білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында біріктірілген сыныптарда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

Айта кету керек, осы әдістемелік құрал білім беру мазмұнын жаңартудың өтпелі кезеңіне (2017-2018 оқу жылы) арналып, қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламасын біріктірілген сыныптарға бейімдеу міндеті қойылған шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне көмек ретінде әзірленген. Алдағы уақытта білім мазмұнын жаңартуға толығымен өткеннен кейінгі кезеңде маңызды болатын және тиісті әдістемелік қолдауды қажет ететін жаңартылған бағдарламаларды бейімдеудің көптеген нұсқалары біздің беріп отырған ұсыныстарымыздан тыс қалып отыр.

1. ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім беру процесін ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі

2016-2017 оқу жылындағы жағдай бойынша республикада 3036 Шағын жинақты мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) бар, онда 211 мың бала білім алып, 52,7 мың мұғалім сабақ береді. ШЖМ жүйесін қайта құрудың қажеттілігі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген басым міндеттердің бірі болып табылады [3]. Ол нормативтік-құқықтық қолдау мәселелерін жетілдіруді, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, кадрлық қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық жағдайын жақсартуды, мектептер желісін қайта құруды, білім сапасының мониторингін, мемлекеттік мектеп жанындағы интернаттар желісін кеңейтуді және нығайтуды, әлеуметтік серіктестікті дамытуды қамтиды.

Бүгінгі таңда ШЖМ ауыл мектептерінің әдістемелік, материалдық-техникалық, кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі салдарынан барлық балалардың сапалы білімге тең қол жеткізуін қанағаттандыра алмай отыр: ШЖМ-дің 42,5% бейімделген ғимараттарда орналасып отыр, ал олардың республика бойынша орта көрсеткіші – 26,9% құрайды; пәндік кабинеттері мен кең жолақты интернетке шығу мүмкіндігі жоқ ШЖМ-дің үлесі болса одан көп, жоғары санатты мұғалімдердің үлесі – толық жинақты мектептермен салыстырғанда екі есе кем. ШЖМ-дің негізгі мәселесі – тиісті деңгейде әдістемелік қамтамасыз етілмеген біріктірілген сыныптар.

Шағын жинақты мектеп дегеніміз – бұл білім алушылар контингенті шағын, біріктірілген сынып –жиынтықтары бар және сабақтарды ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар жалпы білім беру мектебі [6]. Тұрғындар саны аз әрбір елді-мекенде келесі білім беру мекемелерінің қызметіне кепілдік беріледі: білім алушылардың саны 5 бастап 40 адамға дейін жететін бастауыш ШЖМ; білім алушылардың саны 41 бастап 80 адамға дейін жететін негізгі ШЖМ; білім алушылардың саны 81 бастап 180 адамға дейін жететін орта ШЖМ [4].

«Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес ШЖМ-де:

– жекелеген пәндерді оқыту кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған жағдайда кіші топтарға бөлуге жол беріледі;

– сыныптарды бір сынып-жиынтыққа қосу және біріктіру кезінде әртүрлі жастағы оқушылар саны 10 адамнан аспауы тиіс;

– сыныптардың толымдылығы 3-10 адам және одан жоғары;

– үш немесе төрт сыныпты біріктірген кезде оқыту сабақтарын ұйымдастырудың сырғымалы кестесі қолданылады;

– бірінші және бітіруші сынып оқушыларын біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

Әртүрлі жастағы білім алушыларды оқыту әдістемелерін қолдану кезінде

екінші және үшінші сыныптарды; үшінші және төртінші сыныптарды, немесе екінші және төртінші сыныптарды; бесінші және алтыншы сыныптарды, алтыншы және жетінші сыныптарды; жетінші және сегізінші сыныптарды біріктіруге рұқсат етіледі.

Әртүрлі жастағы топтарда сабақты ұйымдастыру келесі қағидаттарға негізделеді: [21, 22]

– түрлі жастағы оқушыларды оқыту құралдарын, оқыту мазмұнын, тапсырмаларды кіріктіру және саралау;

– балалардың оқу әрекетін педагогикалау, біршама үлкен жастағы оқушыларды оқу сабағының ұйымдастырушысы ретінде дайындауды қамтамасыз ету;

– өзара оқыту;

– әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара әрекеттерін басқару;

– балалардың психологиялық қорғалуын қамтамасыз ету;

– оқу сабағындағы оқушылар құрамының жас ерекшеліктік ауқымын оңтайландыру. Оқушылардың тиімді өзара әрекеттестігі үшін кеңес берілетін жас ерекшелік алшақтығы – 3-4 жастан артық емес.

ШЖМ-дің негізгі ерекшелігі - біріктірілген сыныптарда әртүрлі жастағы білім алушылардың оқытылуында. Әртүрлі жастарды білім алушыларды қамтитын біріктірілген сыныптардың өз қиыншылықтары бар: педагог оқу үдерісін түрлі жастағы біріктірілген сынып оқушыларының бір сабақта екі, ал кей жағдайда – үш пәннен де толыққанды білім алатындай құруы тиіс. Ол үшін сабаққа екі есе (үш есе) дайындалып, сонымен қатар екі (үш) сабақ жоспарын біреуіне кіріктіріп, оқу үдерісінде балалардың түгел оқу қызметімен қамтылуын қамтамасыз етуі қажет.

Осылайша, оқу қызметін ұйымдастыруда ШЖМ-дің мұғалімдерінің алдында уақытты дұрыс үйлестіру және пайдалану, сабақта жеке ерекшеліктерін, олардың өз бетінше жұмысқа дайындығын және педагогтың тікелей қатысуымен жүретін жұмысты ескеру арқылы, оқушылардың өз бетінше жұмысын тиімді жоспарлау мәселесі өткір тұрады. Дегенмен, республикамызда біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыру барысында оқу жоспарын біріктіріп, бірақ сабақ барысында кезектестіріп өзіндік жұмыс ұйымдастыру әдісі дәстүрлі болып қалып отыр.

ШЖМ әдістемелік қамтылуындағы кемшіліктерді жіті сезінуде: мұғалімдерге арналған ШЖМ жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың жетіспеушілігі; толымдылығы аз және әртүрлі жастағы білім алушылары бар біріктірілген сыныптарда оқытудың арнайы әдістемелерінің тапшылығы; толымдылығы аз сыныптардағы оқыту нәтижелерін бағалау асыра бақылауға айналып кетіп, оның салдары ретінде, білім алушылардың жоғары дәрежеде алаңдаушылығына жетелейді; білім алушылар контингентінің аз болуына байланысты бейінді білімді ұйымдастырудың күрделі болуы; интернетте ШЖМ-дің мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған әдебиеттің және қажетті материалдардың болмауы.

ШЖМ-дегі кадр тапшылығы ерекше назар аударуды талап етеді: іргелес мамандықтар бойынша оқытуға арналған мамандардың жетіспеушілігі; мұғалімнің ШЖМ-дің жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыруға дайын болмауы; ШЖМ мұғалімдеріне еңбекақы төлем, ынталандыру және әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің сайма-сай келмеуінен ұстаздар мотивациясының деңгейі төмендеуі.

Сонымен қатар ШЖМ-дің негізгі проблемаларының бірі ретінде материалдық-техникалық базасының әлсіздігін атап көрсеткен дұрыс: бейімделмеген орын-жайлар, оның көбісі апатты күйінде, күрделі жөндеуді қажетсінуі, арнайы оқу зертханаларының және шығармашылық шеберханаларының, асханалардың, спорт-залдарының, медициналық кабинеттердің, заманауи жиһаздың спорттық мүкәммалдың, оқу залы бар электрондық кітапхананың болмауы; телекоммуникациялардың ескірген инфрақұрылымы: кең жолақты Интернет желісіне қосылудың жетіспеушілігі, интерактивті құралдар жиынтығының толық болмауы.

Оған қоса ШЖМ-дің қызметін реттеп отыратын нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мәселесін де шешу қажет, атап айтқанда: материалдық-техникалық жабдықтауға және педагогикалық процесті ұйымдастыруға деген көзқарастағы аймақтық айырмашылықтар. Мұғалімдерге еңбекақы төлеу жүйесі жетілдіруді қажет етеді, базалық жалақы оқу жүктемесіне байланысты (бірлік жүйесі), біріктірілген сыныптарды оқытудағы қосымша дайындық ескерілмейді.

Сонымен бірге ауылды аймақтарда қосымша білім ұйымдары мен мәдени орталықтардың болмау мәселесі де назар аударуды қажет етеді, көп аймақтарда балаларды мектепке тасымалдау мәселесі шешілмеген, ШЖМ-дің білім сапасына мониторинг пен оны есепке алу ісі жөнге салынбаған.

Әлеуметтік тапсырыс талаптары негізінде көпдеңгейлі, көп бейінді оқытуды іске асыратын жаңа білім беру кеңістігін құрудың қажеттілігі, ауылды жерлерде белгілі бір материалдық-техникалық базасы бар толық жалпы білім беру мектептерінің базасында ресурстық орталықтардың (бұдан әрі - РО) құрылуын тудырды. Ондай РО өз айналасында бірқатар жақын орналасқан ШЖМ-ді біріктіріп, мақсаттары мен міндеттері бірыңғай тұтас білім беру жүйесін түзеді. РО-ғы білім беру үдерісі бірыңғай жоспардың негізінде іске асырылып, өз құрамына магнитті ШЖМ-дің білім алушыларына арналған ұзақтығы он күндік оқу сессияларын өткізуді енгізеді. Сессия аралық кезеңде қашықтықтан оқыту жүргізіледі. РО базасындағы ШЖМ-дің білім алушылары базалық пәндер бойынша білікті мамандардың көмегін алып, бейіндері шеңберінде практикалық дағдыларды меңгереді де, сессия кезіндегі сабақтан тыс уақытта шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық жағдайындағы кемшіліктерді толықтыру мақсатымен зертханалық-тәжірибелік сабақтар, жеке және топтық консультациялар өткізіледі. Оған қоса, ШЖМ-дің барлық білім алушылары сессия аралық кезеңінде тапсырмалар алып отырады. Білім алушылардың сыныптан тыс қызметі сабақтардың жеке нұсқалары, түрлі

үйірмелер және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы ұйымдастырылып отырады. Осылайша, елімізде құрылған РО жақын жерде орналасқан ШЖМ білім алушыларының едәуір сапалы білім беру үдерісіне қол жеткізуін, олардың мамандандырылған кабинеттер жағдайында зерттеушілік және зертханалық жұмыстарды орындауға қатысуын қамтамасыз етіп, ШЖМ-дің жағдайында әлеуметтік тәжірибе мен білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Қазіргі уақытта республикада 164 РО қызмет етіп, өздерін шалғай жердегі ауыл мектептеріндегі балалардың сапалы білімге және заманауи білім-ақпараттық ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ететін білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді нұсқасы ретінде көрсете білді.

Бірқатар елдер, соның ішінде Қазақстан үшін, тұрғындар аз қоныстанған ауқымды ауыл аймақтар тән, ол жерде көлік қозғалысы шектеулі, автокөлік желісі жеткілікті дамымаған. Бұл жағдайларда сапалы білім берумен қамтамасыз ету мәселесі біздегі жағдайларға ұқсас, әрі өте өзекті. Осындай елдердің шағын жинақты мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша тәжірибесіне жүргізілген талдаулар біздің мемлекетіміздегі білім беру жүйесін жаңғырту үшін қажетті бағдар беретіні түсінікті.

Дүниежүзілік тәжірибеде шағын жинақты мектеп ұғымы көп деңгейлі мектеп (бұдан әрі - КДМ) ретінде белгілі – бұл параллельді сыныптары жоқ, оқушылар контингенті шағын мектеп, онда, әдеттегідей, екі, үш немесе төрт сыныптың оқушылары бір толымды сыныпқа біріктіріледі. Толымды сыныппен жұмысты бір мұғалім жүргізеді. Ондай мектептер көптеген елде, басым жағдайда, ауыл аймақтарында кеңінен таралған. Әрбір елде ондай мектептердің өзінің тағайындалуы болады, олар өзіндік білімділік тәжірибесі мен саясатын іске асырады.

Көпдеңгейлі білімнің дүние жүзіндегі масштабының мәселесі айтарлықтай қиын, оған алғы шарт ретінде салыстыруға жататын деректердің, ал кей елдерде қандай да бір статистиканың болмауын атауға болады. Бірқатар елдерде бір мұғалімі бар мектептердің саны туралы ақпарат беріп отырғанында, басқалары көпдеңгейлі сыныптардың санына, үшіншілері – көпдеңгейлі мұғалімдердің санына көңіл аударады. Төртіншісі ешқандай ақпарат бермеуі мүмкін. Олардың атаулары елден елге түрін өзгертіп, оқытудың түп ойын жасыруы да мүмкін. Осындай терминологиясына, көпдеңгейлі сыныптарға қатысты түрлі елдерде алуан түрлі атаулары қабылданған: аралас сынып, құрама сынып, вертикалды-топтастырылған сынып, отбасылық-топтық сынып, жіктелген сынып, сыныпсыз сынып, аралас жыл, аралас жас, бірегей сынып. Олар бір-біріне әрдайым синоним бола бермейді.

Жалпы алғанда, 2000 жылы халықаралық бағалау бойынша есептелгеніндей, 562 миллион ерте жастағы балалар дамушы елдердегі бастауыш мектептерінде білім алған, 62,3 млн. адам – дамыған елдерде, 11,1 млн.- экономикасы өтпелі елдерде оқыған. Мектепке бара алмаған балалардың саны 100,1 миллион санымен көрініс берді, ал 1,8 миллионы мен 2,1 миллионы дамушы, дамыған және сәйкесінше экономикасы өтпелі елдерде кездескен.

Қазіргі уақытта барлық елдердегі көпдеңгейлі мектептерде білім алатын балалардың шамамен 30% деген бағалауы, жалпы алғанда, 192,45 млн. бала санын береді.

Егер білімге қол жеткізуі көпдеңгейлі сыныптар арқылы болатын, мектепке бара алмай қалған балалардың 50%-ын осыған қоссақ, бұл қосымша 52 миллион баланы беріп, дүние жүзі бойынша 244,45 млн. баланы құрайтын еді, олар үшін көпдеңгейлі педагогика бастауыш мектепте білім алудың бір жолы болып табылады. Тек дамушы елдерді өзі үшін бұл сан 21860 млн құрайды. Бұл мұғалімдер жоқ күндері білім алу мүмкіндігін іздейтін монодеңгейлі сыныптардағы балаларды есепке алмағандағы көрсеткіш.

Көпдеңгейлі мектептер оқу процесін ұйымдастыру формасымен ерекшеленеді. Мектепті қалай ұйымдастырса болады? Бүгінгі таңда мұғалімдер қолданысқа алады деген сенім бар ұлттық білім беру жоспарлары, жүйелерді және оқу материалдарын бағалау көпдеңгейлі емес, монодеңгейлі мектептердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мектептер мен сыныптар үлкен мәселе болып отыр.

Неге көпдеңгейлі сыныптар жиырма бірінші ғасырда әлі де сақталып келуде? Зерттеулер [8] көпдеңгейлі сыныптардың пайда болуын жіктейтін он бір шартты анықтады:

- Мектептер арасы қашық, тұрғындар саны аз болатын, тығыздығы төмен аудандардағы мектептер. Мектептерде барлық сыныптар үшін жауапты бір немесе екі мұғалім ғана болуы мүмкін.
- Мектептер түрлі аудандар бойынша шашыраған сыныптардың кластерін құрайды, ондағы бірқатар сыныптар көпдеңгейлі болып табылады. Бірқатар мұғалімдер көпдеңгейлі (біріктірілген) сыныптарда; біреулері - бірдеңгейлі сыныптарда сабақ өткізеді.
- Алдында бірдеңгейлі білім беру жүйесінде болған, тұрғындардың, оқушылардың және/немесе мұғалімдердің саны азайып отырған мектептер.
- Ата-аналары балаларын едәуір алыс ара-қашықтықтағы танымал мектептерге жіберетін аудандардағы мектептер, бұл танымалдығы айтарлықтай төмен мектептердегі оқушылар мен мұғалімдердің әлеуетті санының азаюына жетелейді.
- Сыныптағы оқушылардың саны сыныптардың ресми нормаларынан аспайтын мектептер, бұл осы сыныптардағы оқушыларды басқа сынып оқушыларымен біріктіруді талап етеді.
- Сыныптардың жалпы құрылымы монодеңгейлі, бірақ жылына қабылдау санының ауытқуынан оқушыларды біріктіруге тура келетін мектептер.
- Бір немесе бірнеше мұғалімі оқушыларымен бірге орын ауыстырып жүретін ықшам, көшпелі мектептер (малшы-балаларымен бірге және т.б.).
- Мұғалімдер жетіспейтін және оны алмастыру мүмкіндігі жоқ мектептер.

- Мұғалімдердің ресми саны монодеңгейлі оқытуды қолдап отыруға жеткілікті, бірақ мұғалімдердің нақты саны түрлі себептермен кем болатын мектептер.
- Оқушылары педагогикалық себептерге байланысты көпдеңгейлі біріктірілген сыныптарға топтастырылған мектептер.

Жоғарыда келтірілген шарттардың басым саны көрсетіп отырғанындай, көпдеңгейлі сыныптар педагогикалық немесе әкімшілік таңдау ретінде емес, қажеттілік түрінде туындаған. Соңғы шарты – алдын ала жасалған педагогикалық таңдау – басқа қатарда тұр. Бұл жағдайда мұғалімдер, жетекшілер және/немесе жергілікті билік оқушыларға қатысты алынған педагогикалық басымдылықтармен көпдеңгейлі топтарға ұйымдастырады, немесе олар позитивті педагогиканы құру үшін көпдеңгейлі оқытумен, оқу бағдарламаларын және басқа да іс-шараларды жоспарлау қажеттілігімен келіседі.

Халықаралық қоғамдастықта көпдеңгейлі оқытуға деген көзқарас бірмәнді емес. Ол көп жағдайда екінші сұрыпты оқыту деп қабылданып, дамушы елдердің басым көпшілігінде дәстүрлі мектептердің қалаулы баламасы ретінде қабылдана бермейді.

Ең жақсы дегенде, ол тұрғындар саны аз аймақтардың орын алуы салдарынан туындаған қалаусыз қажеттілік деп қарастырылады [8]. ЮНЕСКО-ның Азиядағы КДМ туралы дайындаған баяндамасы оны анық көрсетіп отыр: барлық төрт мемлекетте (Индия, Корея, Филиппины мен Шри-Ланка), дүние жүзіндегі барлық дерлік елдердегідей, мектепті ұйымдастыруға қалаулы көзқарас - бір сыныпқа бір мұғалім. Мұғалімдердің саны сыныптардан кем болатын, бір мұғалім тұтас оқыту мерзімінде өзіне бір сыныптан артық жауапкершілік алатын жағдайлар мектепті ұйымдастырудың қалаулы үлгісі болып табылмайды, мектептер жүйесіндегі жағдайға байланысты орын алған қажетті шарт болып қарастырылады [9].

Мұғалімдердің КДМ-ге деген жағымсыз көзқарасы – дамушы елдердегі қарапайым құбылыс емес. Миллер (1990: 2), атап өткеніндей, сыныптар бойынша оқуды ұйымдастыру – мектептен күтілетін норма, бұл КДМ басқарғысы келгендердің кез-келгені үшін кедергі тудыруда.

Mulcahy Канадалық білім беру ассоциациясының зерттеуін келтіре отырып, оқытушылардың КДМ-гі оқытуға теріс көзқарастарын атап отыр. Браун мен Мартин Канададағы оқытушылар арасында шағын сауалнама өткізген, олардың 18 % КДМ басқарған деп есепке алсақ, тек 3% ғана КДМ-ді қолдаған.

КДМ үшін әдістемелерді енгізуге жалпы қолдаудың болмауын түсіндіре алатын бірнеше факторлар бар. Түрлі жастағы және қабілеттері әртүрлі балаларды бір сыныпта оқыту қиын және тиімсіз көрінеді. Ресурстардың болмауы мен оның тапшылығы бір мұғалім-бір сынып ара қатынасын шектейтін басты себептер қатарында қарастырылады. Осылайша, мұғалімдердің мотивациясы төмен деңгейде, ал көпдеңгейлі сыныптардағы жұмыс дағдыларына үйрету кедергіге тап болуда.

Көпдеңгейлі оқыту негізінен шалғай аудандардағы ауыл мектептерінде орын алуда. Ондай жағдайдағы мұғалімдер әдетте бірнеше пәннен сабақ беру, әртүрлі сыныптарды оқыту мен сыныптан тыс көп жұмыс атқару, едәуір төмен бюджет пен еңбекақы, оқытуға арналған ресурстардың сай болмауы мәселелерімен кездеседі [10]. Шоғырланған педагогикалық ұжымдардан қашық орналасуы оқулықтар мен басқа да ресурстардың таралуына кедергі келтіреді, сонымен қатар округтық әкімшіліктің мұғалімдердің жетістіктерін және оларды қолдауын қарастыруын шектейді. Оған қоса, бұл мұғалімдер мансабының өсуіне, кәсіби дамуына және олардың әріптестермен өзара байланыс орнатуына шектеу қояды. Қоршаған ортаның жағдайлары қатаң болуы ықтимал[11]. Бір кездері мұғалімдер жергілікті тілді және ондағы халықтың құндылықтар жүйесін білмеген. Ондай жағдайда оқыту жергілікті халықпен бірігуде қиыншылықтар әкеліп, жергілікті қауымдастықпен жалпы қабылданбауы да сирек емес; бірқатар аудандарда олар халықтың ашық наразылығын да аңғартқан. Бұл факторлар мұғалімдерді жинауды және оларды көпдеңгейлі мектептерде ұстап қалуды қиындатып, мұғалімдердің мотивациясы мен жұмысқа белсенділігін бұзады. Көптеген мұғалімдер ауыл мектептерінде бар-жоғы бір-екі жыл ғана жұмыс жасайды [12]. Кадрлардың жоғары деңгейдегі тұрақсыздығы мектептердің тұрақтылығын бұзуда [8].

Жергілікті ауылдардан жинақтап, мұғалімдерді арнайы мамандандыру тиімді шешімдердің бірі болуы мүмкін.

Көпдеңгейлі оқыту үлкен шығынды қажет етеді. Кадрлық ресурстарға қойылатын талаптар қатары біршама жоғары. Оқу жоспарын әзірлеу ісі мұқият дайындықты және үлкен үйлесімділікті талап етеді. Егер мұғалімдердің сабаққа дайындалғанда арнайы материалдарға қол жеткізу мүмкіншілігі болмаса, бұл өте өзекті мәселе. Білім алушылардың мотивациясы мен олардың санын сақтап қалу одан да күрделі. Мұғалімдер бірнеше пән үшін жауапты. Әдетте КДМ жеткілікті қамтамасыз етілмеген, сондықтан мұғалімдер әкімшілік қызметті қоса алғанда, түрлі басқа да функцияларды қатар алып жүруге мәжбүр [13].

Көпдеңгейлі оқытудың келтірілген шет елдік тәжірибесін талдау дәлел болып отырғандай, барлық елдердегі КДМ мәселелері қазақстандық ШЖМ жағдайымен бірдей:

1. әлсіз әкімшілік қолдау;
2. әлсіз материалдық-техникалық база;
3. педагогтардың төмен мотивация деңгейі, дайындық деңгейіне қойылатын жоғары талаптармен байланысты, еңбекақы төлеу жүйесінің тиімсіздігі, ШЖМ мұғалімін ынталандыру және әлеуметтік қолдау;
4. кадр тапшылығы және бірнеше пәннен беретін маман жоқтығы;
5. толымдылығы аз сыныптар мен әртүрлі жастағы біріктірілген сыныптарда оқытуға арналған арнайы әдістеменің жоқтығы;
6. оқу ресурстарының қолжетімді болмауы.

Әлемдік тәжірибеде КДМ-дің көрсетілген мәселелерін шешуде сан алуан саясат пен стратегиялар жинақталған.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Дүниежүзілік банк 2014 жылы басқару, бөлу, пайдалану және менеджмент ресурстар сапасын арттыру, мектептегі әділдік және білім беру сапасын арттыру мүмкіндіктерін зерттеген. Олардың бірлесіп жасаған есебінде көрсетілгендей, шағын жинақты мектеп санының көптігі-ауылдық жерде және шалғай орналасқан елді мекенде білім беру қызметін көрсетудің экономикалық тиімді жүйесі болып табылмайды. Әр мектепке кететін шығын көлемі жоғары болады. Сондықтан ШЖМ жүйесін келесі жолдармен қайта құру ұсынылады:

- ШЖМ жабу немесе біріктіру, көлікпен қамту, мектеп-интернаттарға орналастыру, АКТ көмегімен білім беру.
- Мектеп кластерлерін құру немесе жақын орналасқан көршілес мектептердің ынтымақтастығын арттыру, оған республикамыздағы ресурстық орталықтардың (тірек мектептері) жұмысы үлгі бола алады немесе ынтымақтастықтың басқа да мүмкін болатын жолдары.
- Көршілес бірнеше ШЖМ-ді бір білім басқармасына қарасты бірыңғай басқарушы команда басқаратын «серіктес» мектептерге айналдыру.
- Шалғай жерлерде қолжетімділікті қамтамасыз етіп, және білім сапасын арттыру үшін қашықтықтан оқыту.

Экономикалық және білім берудің тиімсіздігіне байланысты ШЖМ жабу көп елдерде кең таралған тәжірибе болып табылады. Бірақ мұндай саясаттың жағымсыз кері әсері де бар. Қазақстанда 90-жылдардың ортасында ШЖМ санының елеулі азаюына алып келген білім жүйесін қайта құру жүргізілді. 1994 жылдан бастап 1997 жылдар аралығында 792 мектеп жабылды [15]. Көптеген балалар білім алу мүмкіндігінен айрылды. Мектептердің жабылуы, жалпы экономикалық кризиске байланысты ауылдық жерлерде басталып кеткен ауыл тұрғындарының жаппай қоныс аудару процесін ушықтыра түсті. Сондықтан ШЖМ жүйесінің құрылымын өзгертуде білім сапасын арттыруға, ауылдың әлеуметтік-мәдени рөлін сақтауға, оқу-тәрбие процесін жетілдіруде ішкі резервтерді іздестіруге бағыт бұру керек.

Дания, Англия, Финляндия, Франция, Венгрия, Корея, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Солтүстік Ирландия, Норвегия, Португалия, Шотландия, Швеция мектептердің ынтымақтастығын арттыруды және кластер құруды шағын ауылдық мектептердің тиімсіздігін жоюдағы құрал ретінде қарастырады. [14]. Мұндай кластерлер жақын орналасқан мектептерден біріктіріледі, заңды тұрғыдан тәуелсіз, бірлескен кадрлық және оқу ресурстарының шығынын азайтып, білім алушыларға берілетін білімнің сапасын арттырады.

Шет ел тәжірибесін келтіретін болсақ:

Польша. Қазіргі кездегі ұсыныстары [16]:

1. 6 жылдық бастауыш мектеп базасында 3 жылдық оқыту циклы бар гимназия желісін құру, соның ішінде ауыл жастары үшін. Бұл оқушы жастар үшін әрі қарай оқу жолын таңдауды бір жылға ұзартуға, ал білім ұйымдарына жаңа оқу жоспарын жүзеге асыруға және дидактикалық, тәрбиелік, әрі қамкоршылық қызметін орындауға мүмкіндік берер еді.

2. «Саяхаттаушы мұғалім» концепциясын жүзеге асыру. Ол мектепте

тұрақты жұмыс жасайтын мұғалімдердің сабақтарына қатысып, көмек көрсететін, кәсіпқой мұғалімнің жұмысын ұйымдастырушы ретінде қарастырылуда. Мұндай тәжірибе бұрыннан АҚШ-ның шағын ауылдық мектептерінде қолданылып келеді.

«*Mała szkoła*» бағдарлама аясында мемлекеттік міндетті нормативтік құжат тізіміне сәйкес қаражатты қысқарту үшін ауыл мектептерін ата-аналар бірлестігі басқара алады.

Финляндия. Ауылдық шағын жинақты мектептерге Финиляндияда ерекше көзқарас қалыптасқан [17]. Нақтылап айтқанда, онда, егер округта бір бала қалды деп айтылған жағдайдың өзінде, мектеп жабылмайды, ол қызмет атқара береді. Финляндияда ауыл мектептерін құтқару үшін «Ауыл қозғалысы» ұйымы құрылған және жұмыс істейді. Мысалы, балаларды жүз шақырымға дейін мектепке тасымалдайды. Балаларды тасымалдау үшін арнайы такси жалдайды, оның шығындарын муниципалитет төлейді. Оқушының саны 12 адам болғанда кейбір пәндерді оқыту біріктірілген сыныптарда бір мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі.

АҚШ [18] ең кішкентай мектепті де сақтауға тырысады, онда бір бөлмелі мектеп құрылады. Шын мәнінде онда бір мұғалім әр түрлі жастағы балаларды оқытады және бірнеше пәндерден сабақ береді. Әрбір балалар жеке бағдарламамен оқиды. Ауылдағы «шағын жинақты мектеп» мұғалімдерінің жалақысы қалалық мұғалімдерден екі есе көп.

АҚШ-да үлкен мектептерден қайта кішкене мектептер жасау бағдарламасы ашылған, осылай американдықтар жасөспірімдердің аргессиялық толқуларынан құтылу жолдарын іздеуде.

Бұл елде «Жетістік барлығы үшін» бағдарламасы іске асырылады [19], ол мектепке дейінгі топтан бастап 6-шы сыныпқа дейінгі оқушыларды қамтиды және базалық оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді.

Франция [20]. Басқа мемлекеттер сияқты, ауылдық шағын жинақты мектептердің мұғалімдерін дайындауда Франция әртүрлі жастағы топтардың оқушыларымен өзіндік жұмыс өткізу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мәселелеріне көп көңіл бөледі, бұл жұмыс шағын жинақты мектептердегі оқыту процесінің негізгі түрін құрайды.

Канада [14]. Ірі мектептерге тасымал ұйымдастыру арқылы шағын мектептерді жабу саясаты жүргізіледі.

Онтариода (2006-2007 жылдан бастап *OFIP*) «ерекше қиындықтан үздіксіз жетістікке жету» бағдарламасы аясында аймақтық ұйымдар бастауыш мектептерге қолдау көрсетуде. *OFIP*-тің қаржысы кәсіби даму үшін, оқушыларға қажетті қосымша ресурстарға және кәсіптік оқытуға, оқу, жазу мен арифметика пәндерінен көмек көрсетуге тәлімгерлерді тартуға және қосымша білім алып, ынтымақтастық орнату үшін мұғалімдердің уақытын босатуға қолданылады.

Австралия [14].Оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- Шағын жинақты мемлекеттік мектептер (10-15 әртүрлі жастағы білім

алушылары бар), көбінде тек бір мұғалімнен ғана бар.

- Мектеп-интернаттар, балаларды тасымалдауды қоса Үкіметтің есебінен қаржыландырылады.
- Мектеп автобустарымен тасымалдау ұйымдастырылған.
- Қашықтықтан оқыту радиобайланыс, интернеттің көмегімен іске асырылады.
- Ірі мектептермен ынтымақтастық, бұл тәсіл ШЖМ жабылудан сақтайды.

Швеция. Ауыл мектептері «*Rektorsomrade*» аясында кластерлерге топтастырылады немесе «директордың территорияларына» топтасады [14].

Португалия[14]. Алдыңғы 10 жылда жабылған 1000 мектеппен салыстырғанда, 2005 пен 2008 жылдар аралығында шамамен 2500 мектеп жабылған. Қайта құру инновацияның енуіне, мектептердің тиімділігін арттыруға, мұғалімдердің оқшауланuын төмендетуге, қолайсыз жағдайдағы немесе оқшауланған балаларды әлеуметтендіру сапасын арттыруға және Білім министрлігімен (орталық және аймақтық), муниципалитет, мектептермен және басқа да мүдделі тараптармен олардың арасындағы ынтымақтастықтың артуына ықпал етті.

Осылайша, түрлі елдердің тәжірибесі ауылдық жерде оқытуды ұйымдастыру саясаты мен стратегиясының мектепті қысқарту және ірілендіруден бастап, тасымалдауды ұйымдастыру, бірлестіктер, әр түрлі нысанда басқарылатын қоғамдастықтар құру сияқты сан түрлілігін көрсетті. Бірақ шалғайдағы жерлерде орналасқан мектептерді не істеуге болады? Оларды жабуға, біріктіруге болмайды, қашықтығы мен оқшаулығына байланысты тасымал ұйымдастыру қиын. Ауылдық жерлерде оқытуды ұйымдастырудың ең тиімді формалары, көпжылдық тәжірибе көрсеткендей,-қашықтықтан оқыту: радио, теледидар көмегімен және - қазіргі заманғы түрі - интернет арқылы. Қашықтықтан оқыту нысандары кәсіби көмек сапасын қамтамасыз ету үшін кеңейтілген құрылымды көздейді. Бүгінде әртүрлі елдерде, сондай-ақ ерекше кәсіптік білімділікті дамыту бағдарламасы (әдетте қашықтықтан) ШЖМ мұғалімдеріне арналған тьюторларды қашықтықтан оқыту және радиобайланыс немесе компьютерлік байланыс көмегімен мұғалімдерді үйретеді.

Бразилияда [14] ШЖМ оқушылары мұғалімдер арқылы "Educopedia" - сандық алаңында веб-сабақтарға қатыса алады, сабақ мектеп бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Австралияда бұл оқыту нысаны радио көмегімен дами бастады, әлемде өткен ғасырдың бірінші жартысынан бастап, бәлкім, бірінші басталған болуы мүмкін. Бұл нысанда оқытуда балалар үйінде оқиды және ата-анасы оларға көмектеседі. Бұл нысан енгізілген әрбір штаттың Білім беру департаменті жанындағы арнайы бөлімше қашықтан оқыту үшін, барлық пәндер бойынша материалдарын әзірлейді. Әр жұмыс күні бір сағат ішінде таңертең балалар радиобайланысқа қосылады, пән мұғалімі кері байланыс береді және қиындық туғызған оқу тапсырмаларын түсіндіреді. Балалар үй жұмысын оларды бағалайтын мұғалімдерге жібереді. Мұндай байланыс үшін радиоаппаратураны

Үкімет береді. Барлық осы нысандарда балалар 10-сынып аяқталғанға дейін оқиды. 10-шы сынып аяқталғаннан кейін оқушылар емтихандарды да уйде тапсыра алады. Мұндай жағдайда емтихан материалдарын департамент қандай да бір мемлекеттік құрылым өкілдігі бар жерге жібереді. Бұл медициналық орталық (емхана) немесе тіпті паровоз жүргізушісі болуы мүмкін. Сенім білдірілген адам, бұл емтихан жұмысын оқушылар бөгде адамның көмегінсіз орындағанын растауы тиіс. Әрине, үйден оқытуда ата-аналар оқу есептерін шешу кезінде көмектесуі мүмкін. Бірақ Австралияда таралған түсінік бойынша, ата-аналары тарапынан нәтижесінде балаңызға: тек зиян келеді деген пікір қалыптасқан, кім оқи алады, сол барлық қиындықтағы емтихан есептерін орындайды. Тағы айта кету керек, кері байланыс бағалау немесе жазалау емес. Осылайша, оқушылардың оқу жетістіктері бойынша жіктеу болмайды. Яғни,көшіруге негіз жоқ. (Ақпарат: Профессор Сью Уиллис, Монаш, Мельбурн университетінің білім факультетінің деканы (Австралия)).

Сонымен қатар, телевизия қаншалықты жетілдірілген оқу бағдарламасын жасаса да Қазақстанның және алыс, жақын шетелдердің тәжірибесі ОТВ оқыту үдерісіне толықтай кіріктіруге келмегендігін көрсетті. Бұл жиі үйлесе бермейтін мақсаттарға және мектептің және телевизияның жеке табиғатына байланысты. Жаңа оқыту құралдары эксперимент ретінде қабылданды, көмекші функцияға ие болды және түрлі себептерден мұғалім рөлін және оқыту үдерісін айтарлықтай өзгерткен жоқ. ОТВ-ны енгізу бойынша басқа да ақпараттық технологиямен салыстырылған шетелдік әлеуметтік зерттеулердің талдауы біздің елімізде ОТВ енгізу барысында оң тәжірибені және қателіктерді ескеруге көмектеседі.

Biswal B. [21] білім беретін телевизиялық бағдарламалардың зерттеушілік артықшылығын сипаттайтын мақала жариялады. Ол мектеп әкімшілігін, бағдарлама жасаушыларды, мұғалімдерді және зерттеушілерді оқыту қажеттілігін анықтады.

Kapadia A.M. [22] ТВ-ның оқытуға әсерін зерттеді. Тіпті есте сақтау көрсеткіштері эксперименталды топта жақсырақ болды. Оқушылардың 70 пайызы ТВ бағдарламасының өздігінен оқуға көмектесетіндігі туралы пікір білдірген.

Natrajan және Natesan [23] «Экологиялық ғылымға бейнесабақ арқылы оқытудың тиімділігі» зерттеуін жүргізді. Жұмыс ғылыми тақырыптарға сәйкес келетін сапалы білім беретін бейнебағдарламаларды зерттеу мақсатында, сондай-ақ оқыту тәжірибесін қалай байытуға болатынын анықтау үшін жүргізілді. Стандартты қала орта мектебінің 5-сынып оқушыларының тобы қалыпты оқу әдісінің тиімділігін анықтау үшін зерттелді. Экспериментке дейін және кейін зерттеу бағдарламасына сәйкес тест жүргізілді. Жұмыс бейнебағдарламалар көмегімен оқытудың қалыпты әдістен артықшылығын айқын көрсетті.

Chaudhary S. және Garg, S. [24] баршаға арналған білімнің әлеуетін көтеру үшін: Ұлттық деңгейде әзірленген және білім беру үшін тағайындалған, 2004 жылғы 20 қыркүйекте енгізілген сателлит – Білім беру спутнигін (Edusat,

Италия) бір ұлттық және бес аймақтық орталық қолдайды. Жұмыстар оқушылардың сабаққа қатысуын және академиялық жетістіктерін жақсартуға және мектептерде үздік оқытушы орта тудыруға қатысты тұрақты прогреске қол жеткізілгендігін анықтады.

Mohrana S. [25] «Бастауыш мектеп деңгейіндегі телевизиялық оқыту бағдарламаларының тиімділігі» зерттеуінде бақылау тобымен салыстырғанда оқыту телевизиялық бағдарламаларына тартылған балалардың академиялық жетістіктері жоғары екендігін анықтады.

Ребекка О. және басқалары [26] спутниктік телевизия арқылы тілді меңгеру бойынша 107 адамнан құралған оқушылар тобында зерттеу жүргізді. Факторлар оқушылардың ынтасын, оқыту стилін, оқыту стратегиясын, тегін, алдындағы тілді меңгеру тәжірибесін, курс деңгейін қамтыды. Сәйкесінше, жасалған тиісті ұсыныстар, барлық әлемде кеңінен қолданылады деп күтілетін сателлит тілдік оқытуға енгізілді.

Біздің еліміз халықтың басым бөлігінің интерактивті білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар саласында әлемдік прогрестен сырт қалған жоқ. Бұл осы базада жаңа өнімдерді тудыру мүмкіндігі бар, ұлттық стратегиялық ақпараттық-білім беру ресурсы ретінде білім берудің барлық деңгейлері мазмұнын сандық пішінде жүйелі жинақтауды қамтамасыз ете алатын ұлттық оқыту телевизиясын құру идеясының тууына түрткі болды. Ұлттық ОТВ мұғалімдерді, соның ішінде ауыл мұғалімдерін, өз тәжірибесінде білім берудің жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ететін дайын дидактикалық өнімдермен қамтамасыз етуге, соның нәтижесінде білім сапасын өзгертуге шақырады.

Білім беруді ақпараттандырудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – БАРО) және «КАТЕЛКО» АҚ (провайдер) бастамашылық жоба шеңберінде 2002 жылы «Қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасына (бұдан әрі – ҚОСА)» бастамашылық етті, бірақ ол ұлттық оқыту телевиязиясы болып құрылмады [27] . ҚОСА іске қосу БАРО және ЮНЕСКО Білім берудегі ақпараттық технологиялар институты (бұдан әрі – БАТИ) жүзеге асырған ауыл мектебі оқушыларын қашықтықтан оқыту жөніндегі жобаның жалғасы болды. ҚОСА көрерменге оқыту ақпаратын жеткізетін, ал кері байланыс ғаламтор мүмкіндіктеріне және ресурстарына асимметриялық қолжетімділік жолымен жүзеге асырылатын әдеттегі спутниктік телевизиялық арна жұмысын ұйымдастыру қағидатымен ұйымдастырылды. Ағарту және білім беру функцияларын атқаратын қазақстандық каналдарға «Білім», «Мәдениет» және Kazakhstan TV жатады [28-30].

«Қазақстан Республикасының оқыту телевизиясы» жалпы ұлттық жобасы 2008 жылы іске қосылды [31]. Мектеп пәндерінен алғашқы білім беру бағдарламалары бойынша хабар таратуды «Қазақстан» ұлттық телеарнасы эфирінде бастады және жалпы білім беру жүйесі пәндері бойынша оқыту бағдарламалары аптасына 1-2 рет, бір сағат бойына қазақ және орыс тілдерінде көрсетіле бастады.

ҚР БҒМ «Білім берудің инновациялық технологияларын әзірлеу және оны on-line режимінде Қазақстан Республикасының шағын жинақты мектептерінің педагогикалық процесіне енгізу» жобасы шеңберінде «Білім» арнасының «Мектеп-онлайн» бағдарламасында шағын жинақты мектептерге арналған оқыту материалдарын әзірлеу, енгізу және сынақтан өткізу бойынша зерттеулер жүргізуде.

Телевизияның бұдан әрі дамуы компьютерлік технологиялардың өндіріске, оқыту ақпараттарын таратуға және сақтауға енуінің жалғастырылуымен байланысты. Бұл мектеп кабинеттері жағдайында жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық пәндер бойынша модельдеу немесе қарастыру қиын болатын объектілер мен құбылыстарды визуалдау процестерін жетілдіруді, анимациялық әдістерді дамытуды білдіреді.

Дегенмен, көпдеңгейлі оқыту барлық әлем елдерінде әлі де күрделі мәселе болып қалып отыр. КДМ оқу процесін ұйымдастыру түрімен ерекшеленеді. Мектепті қалай ұйымдастыруға болады? Бүгінгі күні мұғалімдер жұмыс жасайды деп күтіліп отырған ұлттық оқу жоспарлары, оқу материалдарын және жүйелілігін бағалау, көпдеңгейлі сыныптардың емес, көпдеңгейлі мектеп жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады. КДМ-ға келетін болсақ, бұл мектептер мен мұндағы сыныптар күрделі мәселелерді алға тартады.

Алыс шет елдердегі оқу процесін ұйымдастырудың бірнеше мысалдарын келтірейік [8].

Колумбия: балалар Escuela Nueva бағдарламасымен бірге, өзін-өзі оқытуға арналған нұсқаулықтың көмегімен оқиды.

Англия: 19-шы ғасырда қалыптасқан тәлімгерлік жүйе бойынша, білім жетістігінің деңгейіне қарай топтастырылған оқушылар тәлімгердің басшылығымен оқытылады. Бір оқытушы тәлімгерді үйретеді және бақылайды.

Непал: шағын КДМ-де оқушы мұғалімнің жеке сүйемелдеуіне ие болады.

Малави: 1-сыныпқа келген оқушылардың дайындық деңгейі бірдей, бірақ жас ерекшеліктері әртүрлі болады.

Перу: балалар мектепте қалып оқиды, қыз балалар бірге оқиды.

Шри-Ланка: бір мұғалім үш сыныпқа жауап береді, ауылдық жердегі уақытша сынып бөлмесінде оқытады, 1-сынып оқушылары көпдеңгейлі сыныпта басқаларымен бірге жұмыс жасайды.

Теркс и Кайкос аралдары: мұғалім тақтаның бетін екі сыныпқа арнап бөледі: оқушылар сараланған деңгейде жеке тапсырмалар орындайды және топтық жұмыстар жасайды.

Вьетнам: мұғалім басқаларымен жұмыс жүргізіп отырғанда, тәлімгер өзіне бір сыныптың жауапкершілігін алады.

Білім саласындағы зерттеулер көрсеткендей, КДМ жұмысын ұйымдастыру кең көлемдегі инновацияны қажет етеді. Бұл мектептерде дәстүрлі педагогикалық практиканы өзгерту мәселесі өте өзекті тұр және оқушыға бағытталған зерттеу жұмыстарын дамыту қажет. Бірнеше деңгеймен қатар жұмыс жүргізетін және сыныптың гетерогендік ерекшелігін, сонымен бірге оқытудың әртүрлі қарқынын ескеруі тиіс мұғалім үшін, шағын топтағы

жұмысты ұйымдастыру, бірлестіре оқытуды енгізу және икемді бейімделген стратегияларды әзірлеуге керек әдістер мен құралдардың қажеттілігі алдынан шығады. Бірақ, оқытудың бұл стратегиялары өз бетінше оқытуға және бірлескен жұмыста пайдалану үшін арнайы әзірленген құралдарды қажет етеді.

Білім беру инновацияларын кең ауқымды енгізудегі басты мәселе, КДМ бағдарламаларын әзірлеуге әрекет жасағанға ұқсас – «білім беру пратикасының ядросын өзгерту» [32].

Элмор «ядроға» былай анықтама береді: «мұғалімдер білім табиғаты мен оқушының оқу процесіндегі рөлін және осы білім мен оқытудың сыныптағы сабақ беруде қандай көрініс табатынын түсінеді. Сонымен қатар «ядро» мектептің құрылымдық тәртібін қамтиды, сынып бөлмелерінің физикалық жарақтандырылуы, топтық оқыту тәжірибесі, мұғалімдердің оқушылар топтарына арналған міндеттері, мұғалімдердің оқушылармен жұмыс жүргізу барысындағы қарым-қатынастары, сонымен қатар оқушыларды және олардың құрдастармен, ата-аналарымен, әкімшілікпен және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынасын бағалау».

Колумбиялық Escuela Nueva (Жаңа мектеп) КДМ бағдарламалары үшін үлгі ретінде жиі ұсынылып келеді [33]. Бұл ұсыныстарда осы бағдарламаның Колумбияның ауылдық жерлеріндегі оқу процесін ұйымдастыруда айтарлықтай дәрежеде табысқа жеткені атап көрсетіледі. Escuela Nueva моделі 1970-жылдардың соңында Колумбияның ауылдағы мемлекеттік мектептерінің сапасын жақсарту үшін әзірленіп, 80-жылдардың соңындағы жергілікті әлеуметтік жаңғыртудан соң ұлттық сясатқа айналған, ол кезде осы бағдарлама Колумбияның 20 000 астам ауыл мектебінде іске асырылды.

Оқытудың белсенді әдістерін қолдануға негізделген, Escuela Nueva дүние жүзі бойынша 18 мемлекетте 5 миллионнан артық баланы қамтып, жүзеге асырылды.

Оның негізгі идеясы, мұғалімге бағытталған дәстүрлі оқыту моделін баланы оқытуға бағытталған тәжірибеге түрлендіру болды. Бұл модель өзіне оқу бағдарламасын, мұғалімдердің дайындығын, қоғамның қатысуын және осындай мектептерді басқару стратегиясын біріктірді. EscuelaNueva моделінің негізгі принциптері:

- Өздігінен оқу;
- Белсенді, топтық; өзара оқу;
- Академиялық деңгейлер бойынша икемді өзіндік алға жылжу темпі;
- Мұғалім рөлі – оқыту фасилитаторы;
- «Интерактивті және диалогтік» оқу материалдары, ұжымдасып білім алуға ықпал етеді.

Оқу материалдары тілдік, математика, әлеуметтік зерттеу және этика пәндерінен құрастырылған. Олар негізгі үш бөлімнен тұрады: зерттеу, тәжірибе және қолдану. Бұлардың барлығы оқулықтан, оқу дәптерінен және мұғалімнің сабақ жоспарына арналған нұсқаулықтан тұратын біртұтас дүние болып табылады.

1989 жылы Escuela Nueva моделі дүние жүзі бойынша дамыған елдердегі мемлекеттік саясатқа ықпалын тигізген, анағұрлым табысты үш реформаның бірі ретінде Дүниежүзілік банкімен таңдалған болатын. 2000 жылы Біріккен Ұлттар ұйымы Даму бағдарламасының баяндамасында оны елдегі ең маңызды жетістік деп таныған.

Оқыту шағын топтарда диалогты, сыни ойды дамытуға және білімдерін отбасы мен қоғам игілігі үшін қолдануға арналған көп рет қайталанатын интербелсенді модульдерді пайдаланумен жүреді. Модульдер оқушыларға өзінің меншікті ырғағымен ілгері басуды көздейді. Балалар жергілікті материалдардан жасалған оқу бұрыштарын, сыныптың шағын кітапханасын пайдаланады, олардың оқу барысында қатысуына ықпалын тигізетін комитеттері бар мектептік үкіметтерге бірігеді. Осының барлығы жасын, сыныбын, жынысы мен мәдениетінің ерекшеліктерін ескерудің керемет амалы болып шықты.

Оқушыларды оқыту эксперимент түрінде жүріп, педагогтар өзінің нақты деректерді тасымалдаушы рөлінен фасилитатор мен балалардың кеңесшісі рөліне дейін ауысады. Олар бір-бірін қолдайды және оқу үйірмелері мен жергілікті желілер арқылы балалардың оқуға деген оң көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді. Escuela Nueva моделі қазіргі кездегі оқыту теорияларын кез келген оқу ортасында қолдануға болатын қарапайым, нақты стратегиялар арқылы жүзеге асырады, сонымен бірге, есте сақтау, пассивті оқыту тәрізді дәстүрлі оқыту әдістерін ұжымдық, конструктивті, жеке және белсенді оқыту тәсілдеріне түрлендіруге болатынын көрсетеді.

1-кестеде мектептегі дәстүрлі оқыту принциптерінің негізгі элементтері мен Escuela Nueva тәжірибесінің басты ерекшеліктері салыстырылады.

1-кесте. Escuela Nueva дәстүрлі мектеппен салыстырғанда

Ерекшеліктері	**Дәстүрлі мектеп**	**Escuela Nueva**
Оқыту	Фронталды оқыту	Балаға бағдарланған оқытуға ықпал ету
Зерттеу	Есте сақтау	Рефлексивті жан-жақты талдау
Балалардың қатысуы	Пассивті	Белсенді
Сыныпты ұйымдастыру	Сыныппен жұмыс	Шағын топ
Мазмұны	Шектен тыс ақпарат	Балалардың күнделікті өмірімен байланысты бағдарланған процесс
Оқулық пен материалдар	Жеткіліксіз	Көптеген оқу құралдары
Оқыту алаңы	Сынып бөлмесі	Сынып және мектеп ортасы, қауымдастық
Мектеп-қоғам	Нашар байланыс	Берік байланыс
Күнтізбе- кесте	Тұрақты	Икемді
Бағалау	Репродуктивті, субъективті.	Формативті, үздіксіз, тұлғаны дамытуға бағытталған

Escuela Nueva бойынша әдетте мектепте бір немесе екі оқытушы болады. Дәстүрлі мектептерде атап көрсетілетін оқушыларға арналған жеке тапсырмалар шағын топтардағы жұмыстармен үйлесімділікте жүреді. Оқушылар өзінің меншікті ырғағымен академиялық бірліктерді орындайды. Егер олар мектепке ауыл шаруашылық қызметіне жәрдем көрсету мақсатымен бара алмай қалып, кейін қайтып оралса, оларға оқу жылын жаңадан бастаудың қажеті жоқ.

Мұғалімдердің біліктілігін оқытудан қол үзбей арттыру үш бір апталық курсқа бөлінеді, ол бір оқу жылы бойында өткізіледі.

1987 жылы жүргізілген сауалнама нәтижелеріне қарағанда, 89,3% мұғалім дәстүрлі ауылдық мектептерге қарағанда, Escuela Nueva моделін қалаған [34]. Тренингке тікелей қатысу, сонымен қатар ауызша бір біріне жеткізу арқылы мұғалімдер Escuela Nueva бағдарламасының артықшылықтарын біршама деңгейде айтып жеткізуде. Бағдарлама көпдеңгейлі педагогикаға деген мұғалімдердің сенімсіздігін жоюға ішінара ықпал етті.

Осылайша, көпдеңгейлі мектептердің бағдарламасын енгізу дамушы елдердің ауылдық жерлеріндегі негізгі білім беру практикасында елеулі өзгерістердің басталуын білдіреді.

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, халық аз қоныстанған аймақтарда КДМ-де инновациялар мен эксперименттерді жүргізудің мүмкіндігі көбірек [34]. Мұғалімдер өз оқушыларымен бірге бір сыныпта бірнеше жыл қатарынан қалатын болғандықтан терең іскерлік байланыс орната алады. Бұл сонымен бірге жылдан жылға жоспарлаудың сабақтастығын жалғастыруға мүмкіндік береді. Бір мұғалімнің пікірінен: «...менің ойымша, ең үлкен артықшылығы мынада, Сіз бір баламен екі немесе үш жыл қатарынан жұмыс жүргізе аласыз. Сіз баланың алдына өте ұзақ мерзімді мақсат қоя аласыз. Мұғалімнің өз дәрежесіндегі дайындығының арқасында бұл өте тиімді болмақ, тиімділігіне көзі жеткен мұғалім өзінің оқытушылық қызметіне көбірек қанағаттанады және көп деңгейлі білім беруге деген сенімділігі арта түседі».

Осылайша, талдау қазақстандық ШЖМ және барлық әлемдегі КДМ ұқсас мәселелерін анықтады: экономикалық және білім беру тұрғысынан тиімділігінің төмендігі, оқу процесін ұйымдастырудың күрделілігі, оқыту әдіснамасының тапшылығы, кадрлық және білім беру ресурстарының жетіспеуі, педагогтардың мотивациясының төмен болуы.

Бұл көптеген елдердің стратегиясында шағын ауыл мектептерін жабу арқылы санын қысқартуға немесе тасымалдау ұйымдастыру арқылы біріктіруге, қашықтықтан оқыту немесе мектеп-интернаттар ашуға негіз болуда. Бірқатар жетекші елдердің практикасындағы ШЖМ бірлестігі түрінде түрлі нысандардағы кластерлер болып жұмыс істейтін мектептер - Қазақстандағы ресурстық орталықтардың (тірек мектептер) аналогы. Баламалы саясат – бала саны аз болса да ауыл мектебін сақтау (Финляндия, Швеция), ауылдық өңірлерді дамыту стратегиясынан туындаған, оны біздің елімізде де ескеру қажет. Ауылдық жерде білім беруді қашықтықтан оқыту, радио, теледидар және интернет тәрізді көмекші құралдарды қолданып ұйымдастыру.

Әртүрлі жастағы аралас оқыту –әлемнің шағын ауылдық мектептерінің ерекшелігі, оның қиындығы келесіде: оқытудың дәстүрлі әдістері тиімсіз болып қалады, сол себепті білім беру процесін ұйымдастыру түбегейлі жаңа көзқарасты талап етеді. КДМ мәселелерін шешу үшін жан-жақты іздену жаңа әдіснаманы өмірге келтірді, дербес оқыту траекториясын ұштастырған оқытудың заманауи инновациялық технологияларына негізделген Escuela Nueva моделі пайда болды. Бұл модель оқытудың бейімделген жүйесінде іске асырылуы мүмкін, қазіргі біздің еліміздегі жалпыға міндетті стандарт мұндай моделді толық енгізуге шектеу қоятын тосқауыл болуы мүмкін. Дегенмен, Escuela Nueva жүйесін біздің елімізге бейімдеу мұғалімдер қауымдастықтары мен білім саласы мамандары үшін қызығушылық туғызуы мүмкін.

2. ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін бастауыш, негізгі орта мектеп деңгейінде қолданыстағы оқу бағдарламасын және жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын бейімдеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2019 жылға дейін еліміздің жалпы білім беру мектептерін толығымен жаңартылған білім беру мазмұнына көшіру жоспарланған. 2016-2017 оқу жылында 1-ші сыныптар толығымен жаңартылған білім мазмұны бағдарламасымен оқытуға көшірілді. 2017-2018 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердің, соның ішінде шағын жинақты мектептердің 2,5,7-сыныптарын жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларымен оқытуға көшіру жоспалануда. Осыған байланысты қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша ШЖМ-дің біріктірілген сыныптарындағы оқу процесін ұйымдастыру мәселесі туындайды.

Білім жүйесінің жаңартылған мазмұнға көшірілуі алдымен, оқу процесін ұйымдастыру мәселесін шешуге негізделген тиянақты әдістемелік қолдаудың дайындалуын талап етеді, жағдайды анықтау мақсатында республикадағы ШЖМ қызметіне мониторингтік зерттеу жүргізу қажет болды.

Республикадағы ШЖМ қызметін зерделеу 2016 жылдың қыркүйегі мен қараша айларының аралығында жүргізілді. Зерттеу мақсаты:

1. 2016-2017 оқу жылындағы республикадағы ШЖМ жағдайын сараптау және бағалау.


2. Білім жүйесінің жаңартылған мазмұнға көшірілуіне байланысты ШЖМ педагогтеріне қажетті әдістемелік көмек түрін анықтау.

Көрсетілген міндеттерді орындау үшін республиканың барлық облыстарынан мектеп оқушылары, мұғалімдері, біріктірілген сынып саны туралы статистикалық ақпарат жиналғаннан кейін, оқу процесін ұйымдастыруға қатысты сауалнама алынды және академия қызметкерлерімен ШЖМ, атап айтқанда, біріктірілген сыныптардағы бірқатар проблемалары анықталды. Ақпарат республикадағы барлық 3036 ШЖМ, оның ішінде 671 бастауыш, 828 негізгі және 1537 орта мектептерден алынды (кесте1). 2016-2017 оқу жылында ШЖМ 52716 мұғалім жұмыс істейді, оқушылар саны – 210888, орта есеппен алғанда бір ШЖМ мұғаліміне 4 оқушыдан келеді. Біріктірілген сыныптардың жалпы саны – 7760, болжам бойынша 2017-2018 оқу жылында онда 23 410 оқушы білім алады.

1-кестеде көрсетілгендей, ШЖМ саны бойынша республикада ең жоғарғы көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (409), Ақмола (391), Қостанай (360) және Шығыс Қазақстан (359) облыстарында; ШЖМ ең аз саны -Маңғыстау (12), Қызылорда (22) және Атырау (31) облыстарында. Бір ШЖМ келетін білім алушылардың орташа саны мен мұғалімдер саны тиісінше - 70 және 17, бірінші көрсеткіш ең аз өңір, Қызылорда облысы (36), жоғарғысы – Жамбыл облысы (89) (сурет 1.)

Кесте 1. Республикадағы 2016-2017 оқу жылындағы шағын жинақты мектептер жайлы ақпарат.


№	Облыс	ШЖМ саны	ШЖМ баст.	ШЖМ негіз.	ШЖМ орта	2016-2017 оқу жыл. біріктірілген сыныптар саны	Оқушы саны	Мұғалім саны
1	Ақмола	391	75	139	177	1563	25856	5996
2	Ақтөбе	227	42	69	116	753	14898	4588
3	Алматы	231	58	48	125	114	18773	4532
4	Атырау	31	11	6	14	12	2141	552
5	ШҚО	359	44	99	216	856	26651	6566
6	Жамбыл	140	46	26	68	52	12481	2589
7	БҚО	228	73	66	89	313	14608	4175
8	Қараганды	239	49	84	106	400	15945	4352
9	Қостанай	360	92	102	166	1418	24355	5420
10	Қызылорда	22	9	11	2	49	799	285
11	Манғыстау	12	4	2	6	1	914	272
12	Павлодар	251	34	66	151	1295	15737	3981
13	СҚО	409	81	103	225	816	26589	7057
14	ОҚО	136	53	7	76	118	11141	2351
Барлығы		**3036**	**671**	**828**	**1537**	**7760**	**210888**	**52716**



1-сурет. Облыстар бойынша бір ШЖМ білім алушылардың және мұғалімдер орташа саны.

Екінші көрсеткіш диапазоны (бір ШЖМ мұғалімдердің орташа саны) Қызылорда облысында 12-ден – Маңғыстау облысында 22-ге дейінгі аралықта (1-сурет).

Біріктірілген сыныптары көп ШЖМ Ақмола (1563-сынып, 4336 оқушы), Қостанай (1418 сынып 4007 оқушы) және Павлодар (1295 сынып, 4230 оқушы) облыстарында, Маңғыстау облысында барлығы бір біріктірілген сынып, онда үш білім алушы бар, Атырау облысында – 12 сынып, 78 оқушы. 2-суретте облыстар бойынша бір ШЖМ келетін біріктірілген сыныптардың орташа саны, сондай-ақ біріктірілген сыныптардағы оқушылардың орташа саны берілген. Диаграммадан көрініп тұрғандай, Павлодар, Ақмола, Қостанай, Ақтөбе облыстарында ШЖМ біріктірілген сыныптар саны көбірек, республика бойынша бір мектепке шаққандағы біріктірілген сыныбы ең аз ШЖМ - Маңғыстау, Атырау, Жамбыл және Алматы облыстарында. Дегенмен, ШЖМ біріктірілген сыныптарының толымдылығы Жамбыл, Атырау, Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында ең жоғары.



2-сурет. Облыстар бойынша бір ШЖМ біріктірілген сыныптардың орташа саны және біріктірілген сыныптардағы білім алушылардың орташа саны.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы «17» қыркүйектегі №375 бұйрығының 3 қосымшасына сәйкес «Білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары бойынша оқытуды ұйымдастыру жағдайы» бойынша мектептің бастауыш сатысында әртүрлі жастағы білім алушыларды сынып-комплектілерге біріктірудің мынадай нұсқалары жүзеге асырылады : 2+3, 3+4;

2+4, 2+3+4 сыныптар. Негізгі орта мектеп деңгейінде келесі біріктіру нұсқалары ұсынылады: 5+6, 6+7, 7+8. Біз жинаған мәлімет сыныптарды біріктірудің басқа нұсқалары: 2+3+4, 5+7, 6+8, 5+8, 5+6+7, 6+7+8, 5+7+8, 5+6+8 бар екендігін көрсетті (2-кесте). Көрсетілген нормативке сәйкес 1-ші және бітіруші сынып білім алушыларын басқа сынып-жинақтарымен біріктіруге болмайды. Зерттеу мәліметтері бойынша берілген кесте нұсқасында Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары 1-ші сыныптың басқа сыныптармен бірігуін болжаған (2- кесте), бұған рұқсат етілмейді. Екі немесе үш сыныпты бір жиынтыққа біріктіру кезінде (2+3+4) әрбір сыныпта оқу сабақтарының жекелеген бөліктерін өткізу үшін жағдай жасау мақсатында сабақты ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Болжам бойынша 2017-2018 оқу жылында біріктірілген сыныптарда 23 410 білім алушы оқитын болады, оның ішінде 3+4 сынып-комплектісі көбірек (4616 оқушы, оның 1064-сы – Қостанай облысында); 7+8 (3870 оқушы, 956 - Қостанай, 784 Павлодар, 568 – Қостанай облыстарында); 5+6 (3807 оқушы, оның 758 – Павлодар, 629 – Қостанай, 615 - Ақмола облыстарында); 2+3 (2943 оқушы, оның 599 – Павлодар және 593 – Ақмола облыстарында); 2+4 (2516 оқушы, 507 - Павлодар және 375 – Қостанай облыстарында); 6+7 (2048 оқушы, 592– Ақмола облысы); 2+3+4 (1782 оқушы, 458 - Павлодар облысында).
ШЖМ бастауыш деңгейіндегі біріктірілген сыныптарындағы білім алушылардың саны 11 969, негізгі орта буында – 11 441. Осылайша, қолданыстағы және жаңартылған бағдарламамен оқитын біріктірілген сыныптардың мәселесі орын алып отырғаны анық көрінеді, сонымен бірге жағдай республиканың барлық облыстарында үш сыныптың біріктірілуі болжамының айтарлықтай санымен күрделене түскен.

Сонымен бірге, зерттеу барысында ШЖМ біріктірілген сыныптарының кадрлық қамтамасыз етілуіне талдау жасалды (3-кесте). ҚР бойынша біріктірілген сыныптарда барлығы 15 086 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде 8860 - қазақ тілінде оқыту сыныптарында және 6226 –орыс тілінде оқыту сыныптарында сабақ жүргізеді. 3 және 4-суреттерде облыстар бойынша сәйкесінше бір біріктірілген сыныпқа келетін мұғалімдер саны және бір мұғалімге шаққандағы оқушылар саны берілді. Диаграммадан келесі қорытынды жасауға болады, республика бойынша біріктірілген сыныптарда мұғалімдермен жақсы қамтамасыз етілген Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстары, ШЖМ аз қамтамасыз етілген - Ақмола, Батыс Қазақстан, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары, тиісінше, ШЖМ және біріктірілген сыныптары да көбірек (3-сурет).

2 кесте. 2017-2018 оқу жылына облыстар бойынша ШЖМ-дегі біріктірілген сыныптар мен білім алушылар саны жайлы болжам


Облыс/сын	**2+3**	**3+4**	**2+3+4**	**2+4**	**5+6**	**6+7**	**7+8**	**5+7**	**6+8**	**5+8**	**5+6 +7**	**6+7 +8**	**5+7 +8**	**5+6 +8**	**1+3**	**1+3 +4**	**1+2 +3**	**Барл.**
Ақмола қаз	296	283	101	193	306	293	475				99	109						2155
Ақмола орыс	297	281	111	182	309	299	481				101	120						2181
Ақтөбе қаз	143	325	129	152	369	139	389				79	58						1783
Актөбе орыс	33	90	59	122	63	43	88				4	2						504
Алматы қаз	87	86	36	51	58	62	58											438
Алматы орыс	32	62		48	36	38	31											247
Атырау қаз	8	20	10		20		20											78
ШҚО қаз	265	265	53	228	295	113	216				12	10						1457
ШҚО орыс	31	138	31	34	136	65	117				18	18						588
Жамбыл қаз	35	159	13	50	16	31	21	6										331
Жамбыл орыс	7	25			14	4	14											64
БҚО каз	53	164	105	163	98	58	7											648
БҚО рус	43	73	55	35	75	14	4											299

2 кесте (жалғасы). 2017-2018 оқу жылына облыстар бойынша ШЖМ –дегі біріктірілген сыныптар мен білім алушылар саны жайлы болжам

Облыс	**2+3**	**3+4**	**2+3 +4**	**2+4**	**5+6**	**6+7**	**7+8**	**5+7**	**6+8**	**5+8**	**5+6 +7**	**6+7 +8**	**5+7 +8**	**5+6 +8**	**1+3**	**1+3 +4**	**1+2 +3**	**Барлығы**
Қарағанды қаз	154	183	59	44	130	67	131				8	47						823
Қарағанды орыс	91	128	37	27	90	70	102				23	15						583
Қостанай қаз	139	334	176	38	188	97	252	70	93		19	34						1440
Қостанай орыс	238	730	133	165	441	141	316	104	227		28	25	9	10				2567
Қызылорда қаз		16	-	96	38	-	30		10		-	-			66			256
Маңғыстау қаз		3																3
Павлодар қаз	369	383	312	305	422	147	388				77	46						2449
Павлодар орыс	230	251	146	202	336	159	396				31	30						1781
СҚО қаз	101	244	16	87	168	60	133		56		4				22	5	5	901
СҚО орыс	184	257	53	158	184	96	166		29	8	8	5			14			1162
ОҚО	107	116	147	136	15	52	35				64							672
ҚР бойынша	**2943**	**4616**	**1782**	**2516**	**3807**	**2048**	**3870**	**180**	**415**	**8**	**575**	**519**	**9**	**10**	**102**	**5**	**5**	**23410**


3-кесте. Облыс бойынша мұғалімдердің саны және оларға сұраныс

Облыс	Мұғалімдер саны	Мұғалімдерге сұраныс
СҚО (қаз)	1098	37
СҚО (орыс)	1435	68
Манғыстау (қаз)	4	2
Қызылорда(қаз)	123	
Қостанай (қаз)	1043	19
Қостанай (орыс)	1491	21
Қараганды (қаз)	740	118
Қараганды (орыс)	558	106
БҚО (қаз)	277	14
БҚО (орыс)	56	5
Жамбыл (қаз)	104	15
Жамбыл (орыс)	27	6
ШҚО (қаз)	1144	103
ШҚО (орыс)	640	83
Атырау (қаз)	42	5
Ақтөбе (қаз)	2229	79
Ақтөбе (орыс)	603	11
Ақмола (қаз)	621	
Алматы (қаз)	182	
Алматы (орыс)	71	
Ақмола (орыс)	505	
Павлодар (қаз)	1095	101
Павлодар (орыс)	824	47
ОҚО (қаз)	158	
ОҚО (орыс)	16	7
ҚР бойынша барлығы	**15086**	**847**



3 Сурет. Облыстар бойынша ШЖМ бір біріктірілген сыныбындағы мұғалімдер саны.

Нәтижесінде біріктірілген орыс тілді сыныптағы бір мұғалімге Батыс Қазақстан, Ақмола, Алматы облыстарында және Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Жамбыл облыстарының қазақ тілінде оқытатын біріктірілген сыныптарында оқушы саны көбірек келеді (4-сурет), ал Солтүстік-Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында – бала саны аз.



4-сурет. Облыстар бойынша біріктірілген сыныптардағы бір мұғалімге шаққандағы білім алушылар саны.

3-кестеде келтірілген мәліметтерге қосымша облыстар бойынша мұғалімдерге деген сұраныс туралы деректер берілген. Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында басқа өңірлерге қарағанда біріктірілген сыныптар

үшін мұғалімдерге сұраныс қажеттілігі өте жоғары. Республика бойынша біріктірілген сыныптар үшін қажетті 847 педагогтың ішінде, ең қажеттісі математика пәнінің мұғалімдері (135), ағылшын тілі (133), орыс тілі мен әдебиеті (82), химия (61), физика (56), биология (32), география (33), бастауыш сынып (30) , тарих (25), қазақ тілі мен әдебиеті (20).

Осылайша, талдау қорытындысы ШЖМ санында, білім алушыларының контингентінде, олардың санында, біріктірілген сыныптарында, сондай-ақ кадр құрамында және мұғалімдерге деген қажеттіліктерінде аймақтық айырмашылық барын көрсетті. Мәліметтерге сәйкес, ШЖМ ең көп облыстар Ақмола, Қостанай, сондай-ақ бұл аймақтарда біріктірілген сыныптар саны да көп, және керісінше, ШЖМ аз, біріктірілген сыныптар саны аз батыс аймақтар (Маңғыстау, Атырау облыстары). ШЖМ саны жағынан және ондағы білім алушылардың саны бойынша республика бойынша 1-орында тұрған Солтүстік-Қазақстан облысы екенін атап өту керек, ал біріктірілген сынып саны бойынша – 4-ші болып тұр. Біріктірілген сыныптардың толымдылығы бойынша басқа көрініс байқалады: бала санының толымдылығы бойынша көрсеткіштері жоғары тұрған Жамбыл, Атырау, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары.

Сонымен қатар, ШЖМ, атап айтқанда, біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жағдайын анықтау мақсатында, мұғалімдерге сауалнама жүргізілді. «Сіз өз тәжірибеңізде инновациялық технологияларды қолданасыз ба?» деген сұраққа қатысқандардың 22% «иә» деп жауап берді. Білім саласындағы жаңа әдістерді өз тәжірибесінде дұрыс қолдануды қатысқан мұғалімдердің 30%-ы біледі. 4-кестеде ШЖМ біріктірілген сыныптарындағы мұғалімдердің оқу процесін ұйымдастыруына қатысты сауалнама нәтижелері келтірілген.

4-кесте. ШЖМ біріктірілген сыныптарындағы оқу процесін ұйымдастыру

Біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыруға қажетті әдістемелік әзірлемелер (біріктіру варианты, пән, қолдану %)
Батыс Қазақстан 1.Әдістемелік құралдар «Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарда мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту» (пәндер: Қазақстан тарихы, қазақ тілі, биология, әдебиеттік оқу, орыс тілі т.т.) 2.Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА«Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында бірпәндік оқыту принциптері» 2013 ж. 3.Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА«Шағын жинақты мектепте көптілділікті оқыту мәселелері» **Маңғыстау облысы** 1. Әбдікарим Т.Әдебиеттік оқу 2. Әбдікарим Т.Әдебиеттік оқу Хрестоматиясы 3. Әбдікарим Т. Әдебиеттік оқу Әдістеме 4. Уайсова Г.И. Қазақ тілі 5. Бадамбаева Русский язык 7. Бадамбаева Русский язык. Внекласное чтение

8. Оспанов Т. Математика 1- бөлім
9. Оспанов Т. Математика 2-бөлім
10.Оспанов Т.Дидактикалық материалдар
11. Жүнісқызы К.Дүние тану
12. Оралбекова Еңбекке баулу
13. Райымбергенов А Музыка
14. Раупова Н. Бейнелеу өнері
15.Раупова Н. Бейнелеу өнері. Әдістеме
16.Дене шынықтыру. Әдістеме
17.Өзін-өзі тану
18.Уайсова Г.И. Қазақ тілі. Дидактика

Қарағанды облысы

1. 1.Лебедева Л.А., Акпаева А.Б. Шағын комплекті бастауыш мектепке педагогикалық процестің теориясы мен технологиясы: оқулықтар - Алматы : Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2010
2. 2. Лебединцев В.Б. Білім технологиясы : шағын ауыл мектептерінде әртүрлі жас оқу қызметкерлері// Әдіскер. – 2009ж.
3. Бордовский Г.А. Ред. АКТ оқу құралдарды бейінді оқыту мекемелерде қолдану туралы Шағын комплекті ауыл мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулар/– СПб.: ЖШС «АкадемПринт», 2004.
4. Егорова Е.Н., Гугова Л.С, Никитина Л.П., Кокарева З.А . Әр түрлі жас сынып-жинақтарында ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар/– Вологда: ВПК, 2011
5. Н.А. Тойбазарова, Х.Т. Төлеубаева, Ж.О. Бақова, А.М. Аниева. Әдебиеттік оқу (ШЖМ біріктірілген 2,3- сыныптардамазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту) I,II бөлім
6. Кузнецова С.Н. «НЗМ» БҰҰМ мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал,
7. Васева И.В. Дүниетану пәні бойынша әдістемелік құрал
8. Рахметова С.Р. Қазақ тілі пәнінен әдістемелік құралы,
9. Қабатай Б.Т. Қазақ тілі пәнінен функционалдық сауаттылыққа араналған әдістемелік құралы
10. ҚР БҒМ бекіткен оқу - әдістемелік құралдар мен оқулықтар
11. Богатырева Е.В., Егорова Е.Н.,Ругова Л.С. « Әдістемелік нұсқаулар»
12. Оралбаева Л.Ш., Мадиева А.Т.1. 5-6сыныптарға арналған қазақ тілі;
13. Смагулова Г.К, Кобенов Ж. Қазақстан тарихы 5-6 сынып.
14. "2016-2017 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастыру ерекшеліктері туралы "Нұсқаулық-әдістемелік хат
15. Платонова Н.Н. «Аралас сыныптар жинақтарында математика пәні бойынша әдістемелік жобалау»
16. Егорова Е.Н. «Біріктірілген сыныптарында сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар»
17. Лошнова О.Б. «Деңгейлеп саралап оқыту»
18. Баринова О.В. «Математика тапсырмасын шешуінде саралап оқыту»

Бударный А.А. «Оқыту бойынша жеке көзқарас» және т.б

19. Оспанов Т., Кочеткова О, Бадамбаева, Кабдоллаев, Рахимжанова, Волкова
20. Готская И.Б.; Ильина С.П. АКТ білім беру құралдарын пайдалану бойынша ШЖМ мұғалімдеріне арналған нұсқаулар
21. Богинская Е.А. ШЖМ жұмысының ерекшеліктері: мәселелері мен шешімдері

Жамбыл облысы

Жақыпова Г.Ш., Лебедева Н.В., Бәтібаева С.

Шығыс Қазақстан облысы

1. Оралбаева Л., Жанузакова Т., Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту, Астана, 2013 ж.
2. Мәдиева А.Т., Дәуітова Г.Ж, Рахметова Ф.Ж., Керімова Г.Е. ШЖМ-ң біріктірілген 5-

6 сыныптарында мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

3. Смагулова Г.Қ., Тұрмашева Б.Қ., Аяпова Ж.И., Кайбалдина А.О. ШЖМ-ң біріктірілген 5-6 сыныптарында мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту, 2-3, 3-4, 5-6, 7-8 сыныптарға арналған

Актобе облысы

1.Гайнутдинова А.Р.Біріктірілген кластарға арналған әдістемелік құрал., 2016 ж.

2. Біріктірілген сыныптардағы арналған күнтізбелік жоспарлар. (3+4, 2+3, 6+7 сыныптар, барлық пәндер)

3. «Шағын жинақты мектептің біріктірілген 5,6 –сыныптарында мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту» Қазақстан тарихы . Әдістемелік құрал 5-6 сынып Астана 2013.

Акмола облысы

ҚРБ ҒМ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.Әдістемелік құрал.

1. Дүсебек А.Т., Қалменова Г.К .Жатылыстану және география 5,6- сыныптарында мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту.

ОҚО

1. (3-с қазақ тілі) Ж.Қ.Балтабаева,М.К.Султанғазина. (3-с матем) Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева. (3-с русский язык) Б.Х.Исмагулова. (3-с дүниетану) Х.Аймағанбетова,Н.А.Тим. (3-с әдебиеттік оқу) Б.А.Тұрғанбаева, Ж.Қ. Балтабаева. Ә.М.Мұханбетжанова

2.С.М.Бахишева, Құлмағамбетова А. «Аз комплектілі мектепте сабақтарды ұйымдастыру». Алматы . Мектеп.

3. Авторлық әдістемелік әзірлемелер біріктіру. «Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану жолдары»

Алматы баспасы. 2010 ж Авторы: Т.Баймолдаева 65%

Павлодар облысы

1. Акрамова А.С. «Шағын жинақталған бастауыш мектепте математикадан сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру әдісі» оқу әдістемесі, ҰБА, Алматы, 2010 ж.

2. Караев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы, 2014 http://nao.kz

3. Калинина И.Г. Шағын жинақталған мектепте математика сабақтарында назар аударуды дамыту,1999

4. Біріктірілген 2-4 сыныптарда математика пәнін кіріктіре оқыту. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014

5. Тойбазарова Н.Ә.. Әдістемелік құрал. ШЖМ біріктірілген 2,4 (3-4)-сыныптарында қазақ тілі пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту.ҰБА (НАО), 2013

6. Тойбазарова Н.Ә.. Әдістемелік құрал. I (II) бөлім.ШЖМ біріктірілген 2,3 (3-4)-сыныптарында әдебиеттік оқу пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

7. Аймағамбетова Қ.А., Тойбазарова Н.Ә. Әдістемелік құрал. II бөлім.ШЖМ біріктірілген 3,4-сыныптарында дүниетану пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту;

8. Оралбаева Л.Ш.. Әдістемелік құрал. ШЖМ біріктірілген 5,6-сыныптарында қазақ тілі пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

9. Шағын жинақталған мектептердің біріктірілген 5,6 сыныптарында орыс тілі пәнін кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

10. Муканова Г.О.. ШЖМ біріктірілген 5,6-сыныптарында Қазақстан тарихы пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

11. Махамбетова Н.К.. ШЖМ біріктірілген 5,6-сыныптарында жаратылыстану және георгафия пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

12. Бисембаева Т.Т.. ШЖМ біріктірілген 6,7-сыныптарында биология пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту. ҰБА (НАО), 2013

13. Дуйсебек А.Т.. Әдістемелік ұсынымдар. Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуды күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау. ҰБА (НАО), 2013
13. Кушнир М.П. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақталған мектептердің бастауыш сыныптарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.– Қарағанды: ПҚ БАИ РБИ, 2015. – 84 б.
14. Лебедева Л.А. Акпаева А.Б. Шағын жинақталған мектептердің бастауыш сыныптарында математиканы оқыту теориясы және технологиясы, Алматы 2009
15. Шағын жинақталған мектепке көмек. /Ред. Ж.Караева. Астана, 2000.
16. Журба Л Біріктірілген сыныптарда сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік құрал. Көкшетау, 2013
17. Крамаренко Н.Е. Шағын жинақталған мектепті басқару. Әдістемелік ұсынымдар. 2009 ж.
18. Тихомирова В.. Ынтымақтастық сабақтар. Алматы 2007

Біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыруға қажетті авторлық әдістемелік әзірлемелер

Маңғыстау облысы

1. Уайсова Г.И Қазақ тілі Әдістеме
2. Бадамбаева Русский язык Методика
3. Оспанов Т.Әдістеме
4. Жүнісқызы К.Әдістеме
5. Оралбекова Еңбекке баулу Әдістеме
6. Өзін-өзі тану Әдістеме
7. Математика Көрнекі кестелер
8. Әбдікарим Т. Әдебиеттік оқу Әдістеме
9. Райымбергенов А. Музыка Әдістеме
10.Раупова Н. Бейнелеу өнері Әдістеме

Қарағанды облысы

1. Оралбаева Ш., Мадиева Т. Казахский язык для5-6кл.
2. Смагулова, Кобенов Ж.История Казахстана 5-6кл.
3. Муканова Г.О., Бисембаева Т.Т.Биология 6-7классов;
4. Суворова Д . Методическое пособие.
5.Т.Дуйсенбек. Русская речь
6. Оралбаева О.Ш.Казахский язык
7. Дьяченко В, Коллективное обучение;
8. Актаева М.Е. МКШ в местном социуме
9. ҚР БҒМ бекіткен оқу - әдістемелік құралдар мен оқулықтар
10.Планы уроков географии (7-8 классы)

ОҚО

1. Жақыпова Г.Ш., Орехова Н.В,Лебедева Н.В Жаратылыстану, математика,
2.А.С.Мұкашева, С.И.Уақбаева. Орыс тілі Т.М.Калашникова, Р.Х.Беспалова. Авторлық әдістемелік әзірлемелер біріктіру.
3.Т.Оспанов 3.Ш.Құрманалина
4.Ж.Қ. Астамбаева «Шағын жинақтағы бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы»

Павлодар облысы

1. Н.П. Серемeнко «ШЖМ сабақтарды ұйымдастыру», Өрлеу, Павлодар
2. Красий А.А «Таңқаларлық физика» 5-6 сынып, факультативтік курс.
3. Тембаева С.А «Шебер қол», 2-3 сынып.
4. Имамагзамов А.Д «Информатика әлемі», 5-8 сынып.
5. Хамитова А.К «Жалын», қазақ тілі, 5-9 сынып.

6. Молдахметова А.Ш «Мәнерлеп оқу», қазақ тілі, 5-6 сынып.
7. Доспаева Д.А «Биология әлемі», 5-8 сынып.
8. Абильханова Г.А «Жас математик», 3-4 сынып
9. Мустафина А.Е «English World», 3-4 сынып

Біріктірілген сыныптардағы оқу процесін жүргізуде инновациялық технологияларды қолдану

Батыс Қазақстан

1.Қ.А.Қараев «Қазіргі білім берудегі техникалар мен технологиялар»

2.Лебедева Л.А. Акпаева А.Б. «Шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу үрдісіндегі теория мен технологиялар»

Маңғыстау облысы

1. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы;
2. Сын тұрғысынан ойлау;

Деңгейлеп оқыту технологиясы.

Қарағанды облысы

ҰОТ (КСО); ақпараттық комуникативтік технологиялар; дамыта оқыту; сын тұрғысынан ойлау әдісі; іс-әрекеттегі зерттеу; интеграцияланған сабақтар; 7 модуль бойынша оқыту, деңгейлеп оқыту, топпен жұмыс; АКТ-ны қолдану; модульдік оқыту, ойын технологиялары.

Жамбыл облысы

СТО , деңгейлеп -саралап оқыту, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, модульдік оқыту, 7 модуль бойынша оқыту.

Шығыс Қазақстан облысы

Интерактивті оқыту әдістемесі , ақпараттық комуникативтік технологиялар , ойын технологиясы, модульдік технология, ұжымдық оқыту ; дидактикалық құралдар санын көбейту; дамыта оқыту; оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлау; денсаулық сақтау технологиясы; педагогикалық шеберлік сабақтары.

Ақтобе облысы

Сыни тұрғыдан ойлау, ТРИЗ технологиясы, жобалау технологиясы , ойын технологиясы.

Акмола облысы

7 модульді қолдану, сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

ОҚО

Сыныптар үшін сабақ кестесін икемді етіп құрастыру, топтық оқыту,

Әбілғазинов Г.З., Суборова Г.Ф., Ирошников И.Г., Құрманалина Ш.Х «Шағын комплектілі мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері . Орал қ. 2000»

СТО технологиясы, топтық-жұптық жұмыстар, блум таксономиясы.

Павлодар облысы

Кембридж бағдарламаларының 7-модулі, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп оқыту, жоба қорғау технологиясы, ТРИЗ, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, А.Жанпеисованың модульдік оқытуы, ойынмен оқыту, педагогикалық шеберлік сабақтары, АКТ, тұлғалық-бағдарлы оқыту, зерттеу қызметі, жобалар әдісі, денсаулық сақтау технологиясы

Біріктірілген сыныптардағы оқу процесін жүргізуде СБР қолдану

Батыс Қазақстан

1.Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «СБР мазмұнын әзірлеудегі әдістемелік ұсынымдар»

Маңғыстау облысы

Білім беру ұйымында электрондық оқыту жүйесі қолданылады. Мұғалімдер сабақ жоспарларының, сабақ үлгілерінің, жекелеген дидактикалық мақсатқа жетуге бағытталған

жұмыстарының сандық форматтағы үлгісін дайындайды.Оқу бағдарламасы мен оқулықтың мазмұнына сай сандық білім ресурстары қолданылады.

Сабақ үрдісінде қолданылатын мектеп кітапханасында бар электронды оқулықтар:

1. Әдебиеттік оқу Т.Әбдікәрім. Электронды оқулық 3-сынып
2. Қазақ тілі, Г. Уайсова. Электронды оқулық 3-сынып.
3. Математика Т.Оспанов. Электронды оқулық 3-сынып.
4. Еңбекке баулу Т.Оралбекова.Электронды оқулық, 3-сынып
5. Дүниетану Ә.Алтынбек. Электронды оқулық 4-сынып.

Қарағанды облысы

1. Ресурсы Билим лэнд
2. Кипчакское ханство Ф.Баланецкий
3. Карта Казахстана
4. Электронные учебники
5. ПИК

Шығыс Қазақстан облысы

Астамбаева Ж.Қ. "Шағын жинақты бастауыш мектепте педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы"

ОҚО

Сайпин Ж. Бір пәндік және бір тақырыптық ұстанымдарға негізделген кіріктіре оқыту сабақтарын ұйымдастыру.

СБР электронды нұсқада қолдану мүмкіншіліг жоқ.

Павлодар облысы

1. Бектаева А, Атамура, 2014 г, ЭО, қазақ тілі, 6-сынып
2. Искакова К. Атамұра, 2013 ж., ЭО физикалық география, 6-сынып
3. Соловьева А, Атамұра, 2013 ж. биология, 9-сынып
4. Нуржанова М. УО ЦПТИО, ағылшын тілі, 3-4 сынып, 2015 ж.
5. Досмамбетова Г. Қазақ тілі, 4-сынып
6. Мухамеджанова С. Информатика. 6-сынып
7. Аяпова Т. Ағылшын тілі. 6-сынып
8. Кузнецова Т. Ағылшын тілі. 3-сынып
9. Bilimland
10. E-leurning
11. itest.kz
12. imektep.kz
13. testcenter.kz
14. Kundelik.kz
15. «Павлодар облысының физикалық географиясы». Дайкенов Т.Е., 2002 ж.;
16. «Қазақстан тарихы»; «Биология». ҚазҰУ математика және механика ҰИИ, 2004 ж;
17. «Қазақстанның физикалық географиясы». РҰӘО білім беруді ақпараттандыру, 2004 ж.;
18. «Математика». Атамұра, 2014 ж.
19. Әліппе+1 (3-7 жастағы балаларға арналған қазақ тілі. "Атамұра". 2006 ж.
20. Қызықты математика. "Атамұра". 2006 ж.
21. Әдебиеттік оқу. "Атамұра". 2006 ж.
22. Г. Досмамбетова. Қазақ тілі, 1-сынып. «Атамұра». 2012 ж.
23. Ш. Кулманова. Музыка (фонохрестоматия). 2011 ж.
24. Өзін-өзі тану. «Бөбек». 2009 ж.
25. Интерактивтік жабдықтар:

- Ағылшын тілі/мектепке дейінгі топ. Whatisyourname?

Кожабаева А.К. Қостанай қ., «Қала әкімдігі Қостанай қаласы білім беру бөлімінің № 6 сәбилер бақшасы» ҚМҚК

- Алгебра|10-сынып. Қарапайым тригонометриялық көбейту және оларды шешу.

Ермаханулы Ербол. Бесқайнар а., «Арыстан» мамандандырылған лицейі.
- Физика. Электрондардың сыртқы фотоәсері.
Тобылбаева С.Т. Қызылорда қ., НЗШ ФМ
26. Электронды оқулық Алматы қ. «Атамұра» баспасы.
27. Ресурстар http://www.nci.kz Ұлттық ақпараттандыру орталығы

Қашықтықтан оқыту

Маңғыстау облысы
Әр оқушы мен мұғалімнің үздік әлемдік білім ресурстарына кез-келген уақытта «Online» қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасалған.
Қарағанды облысы
Жүргізіледі, кең жолақты интернетке қолжетімсіздікке байланысты толық қамтылмаған.

ШЖМ біріктірілген сыныптарындағы оқу процесін ұйымдастырудағы проблемалар

Батыс Қазақстан Шағын жинақты бастауыш мектепте бір мұғалім болған жағдайда оқу үрдісін ұйымдастыру.
Маңғыстау облысы Мектеп жанынан спортзал салу. Мамандардың жетіспеушілігі.
Қарағанды облысы
Абай: 1. Интернетке шығудың төмен жылдамдығы, оқушыларға арналған заманауи қосымша әдебиеттердің жеткіліксіздігі.
2. Біріктірілген сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік әдебиеттер мен материалдарының жетіспеушілігі.
Ақтоғай: Кең жолақты интернет жылдамдығының төмендігі, материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі, кәсіби маманның болмауы
Бұхаржырау: 1. Біріктірілген сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге арналған курстардың жоқтығы;
2. Әлсіз МТБ
Жаңаарқа: 1. Біріктірілген сыныпқа сабақ жоспарын дайындауда қиыншылықтар;
2. Уақытты тиімді пайдалану қиындығы;
3. Біріктірілген сыныпқа сабақ беру ерекшелігін ескере отырып, мұғалімнің еңбекақысын қайта қарау.
Жезқазған:
1. әдістемелік нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі
2.материалдық-техникалық базаның әлсіздігі
Жамбыл облысы
Әдістемелік әзірлемелердің жоқтығы, мамандардың жетіспеуі, оқу кабинеттерінің тарлығы, уақыт тапшылығы;
- сабақ кестесін құрудағы қиындықтар, сабақ өту кезінде уақыттың жетпеуі;
- жазба жұмыстары, бақылау алу кезінде күнтізбелік жоспарлардың сәйкес келмеуі;
- пән мұғалімдерінің жетіспеуі;
- біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру қиындықтары;
- біріктірілген сыныптардағы оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамту, игеру қиындықтары;
- материалдық-техникалық базаның жоқтығы (спорт зал, акт зал, асхана, арнайы АКТ-мен жабдықталған кабинеттер, кітапхана).
Шығыс Қазақстан облысы
1. Оқушылардың аздығы.
2. Интернет желісінің жылдамдығының төмендігі.
3. Педагогикалық кадрлар жетіспеушілігі.

Ақтобе облысы

- ауыл мектептерінің материалдық – техникалық жағынан толық жабдықталмауы және тозығы жеткен жабдықтардың ауыстырылмауы;
- сабаққа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындайды және бұл әрбір мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің артуына кедергі келтіреді;
- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мәжбүр;
- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады;
- өтілетін тақырыптары сәйкес келмеген жағдайда, ұжымдық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ және саралап өтілетін сабаққа дайындалуға мұғалімнің көп уақыты кетеді;
- шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарына сәйкестендірілген Үлгілік оқу жоспары қажет(пәндердің біріктірілуіне орай);
-шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарына дәріс беретін пән мұғалімдері үшін әдістемелік құрал әзірленсе (мысалға:технология 3+4,6+8 т.б. үлгіде);
- біріктірілген сыныптардың оқушыларына пәндік оқулықтар шығарылса және де оқулықтар мен әдістемелік құралдарда оқушының сыныбы және жас ерекшелігі ескерілсе .

Акмола облысы

1. Уақыттың жетіспеушілігі.
2. Бір сыныпқа тақырып түсіндіргенде, екінші сынып оқушылары тапсырма орындау кезінде ойларын жинақтауы қиындық туғызады.

ОҚО

1. Оқу жоспарында оқулықтағы тақырыптардың сәйкестігі.
2. Білім алушылардың әртүрлі жаста екендігін ескеру.
3. Біріктірілген сыныптар үшін сабақ кестесін икемді етіп құрастыру.
4. 3 сынып біріктірілгенде, әр сыныпқа уақыт аз бөлінеді.
5. 2- сынып жаңартылған бағдарламамен, 3-4 сыныптар қолданыстағы бағдарламамен оқиды. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар жоқ
6. Спорт залы, АКТ залы жоқ.
7. Интернет желісі баяу жұмыс істейді.
8. Кадр мәселесінің тапшылығы.

9 Шағын жинақты сыныптарда оқулықтар жетіспейді.

Павлодар облысы

1.Пән мұғалімдері жүктемелерінің аздығы.

2. Педагог ұжымдары санының аз болуына байланысты мектепішілік пәндердің ӘБ құрудың мүмкін еместігі.

3. Біріктірілген сыныптардың педагогтары үшін курстық қайта даярлауды ұйымдастыру.
4. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен талаптарының әртүрлілігі.
5. Біріктірілген сыныптарға арналған арнайы білім беру бағдарламаларының жоқ болуы.
6. Мұғалімге түсірілетін психологиялық салмақ.
7. МТБ жеткіліксіздігі.

Мұғалімдерден алынған сауалнама қорытындысы біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу үшін қолданылып келе жатқан әдістемелік құралдардың ауқымдылығын көрсетті: бұлардың ішінде Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Абай атындағы ҚазҰПУ, отандық және шетелдік ғалымдар мен педагогтар әзірлеген әдістемелік ұсынымдар бар. ШЖМ мұғалімдерінің арсеналында күнделікті тәжірибеде қолданып жүрген көптеген авторлық әзірлемелер мен авторлық электрондық ресурстар бар.

Мұғалімдердің біріктірілген сыныптарда оқыту процесінде қолданатын инновациялық технологияларының тізбесі көлемді, және де бұл заңдылық, себебі біріктірілген сынып жағдайы сабақтағы оқу-тәрбие процесін оңтайлы

ұйымдастыру үшін шығармашылыққа, тиімді тәсілдерді іздеуге жетелейді. Сыныптағы бала санының аздығының өз артықшылықтары бар, оны ескерген дұрыс және күнделікті практикалық іс-әрекет барысында тиімді қолдана білу керек.

1. Білім алушылардың темпераментін және нерв жүйесінің, дамуының ерекшеліктерін, бейімділігі мен қызығушылықтарын, білім және біліктілік деңгейін ескере отырып, жеке тәсілдерді таңдау;

2. Оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсіл, мұндағы жеке пікірлесу оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі басты мақсат пен құрал ретінде қаралады, себебі білім алушының ішкі позициясын түсінеміз. Білім алушы мен мұғалім бірін бірі «естиді»;

3. Ынтымақтастық, бірлескен оқу іс-әрекетін және қарым-қатынас орнатуға қолайлы жағдай.

4. Білім алушылар саны аз, сондықтан мұғалім сабақ барысында әр баланың жауабын тыңдап, олардың жеке ерекшеліктерін жақсырақ зерттеуге мүмкіндігі бар.

5. Жоғарғы сынып оқушылары кішілерге көмек көрсете алады, себебі олар күнделікті бір уақытта бір сынып бөлмесінде отырады.

Анықталғандай, мұғалімдер біріктірілген сыныптарда сабақ өткізу барысында сандық білім ресурстарын да қолданып келеді, көрсеткен ресурстар тізімі көлемді. Өкінішке орай, көпшілігінде оларды қолдану мүмкіндігі мектептің материалдық-техникалық жағдайымен шектеледі. Қашықтықтан оқытуға қатысты тек қана Солтүстік Қазақстан облысы қолданатын жекелеген интернет көздерін көрсеткен.

Біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыру мәселесіне қатысты сауалға барлық облыстардың ШЖМ мұғалімдері бір ауыздан, бірінші кезекте біріктірілген сыныптағы сабақтарды жүргізуге, соның ішінде қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша оқытылатын сыныптарға арналған әдістемелік ұсынымдардың қажет екенін алға тартты. Көрсетілген мәселелер барлық аймақтар үшін ортақ: материалдық және әдістемелік ресурстардың жетіспеушілігі, интернет желісінің қолжетімсіздігі, кадр тапшылығы, үлкен жүктеме, сабақтарға ұзақ дайындықтың қажеттілігі, төмен еңбекақы, пән мұғалімдерінің жүктемесі аздығы, мектеп құжаттарын жүргізу (журналдар). Басқа мәселелердің қатарында оқу материалын түсіндіруге уақыттың жетпеуін атап көрсеткен, білім алушы мен мұғалімнің тікелей жұмысы, біріктірілген сыныптағы кезекпен жүргізілетін жұмыс барысында білім алушылардың назарын оқу материалына аударудың қиындықтары, критериалды бағалау кезінде топтық, жұптық, жеке жұмыстарды ұйымдастыру қиындықтары, сабақ барысында коммуникативтік дағдыларын дамытудың мүмкіндігі аздығы, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен талаптарының әртүрлі болуы, олардың әлеуметтену деңгейінің төмендігі. Осының барлығы, сонымен бірге ауыл мұғалімінің қызметі көп функционалды болу жағдайларының жиі кездесуі (көптеген мұғалімдер өз мамандығынан басқа пәндерден сабақ береді) үлкен психологиялық салмақ түсіреді. Сонымен бірге, біріктірілген сыныптарға сабақ

беретін мұғалімдерді даярлауға және қайта даярлауға жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Мұғалімнің оқуға мүмкіндігі болған жағдайда, онда оқу кезеңінде мектепте оны алмастыру мәселесі өзекті мәнге ие болады.

Мәлімет алу үшін әр аймаққа шыққан кезде мұғалімдердің сабақтарына қатысып, фотодеректер, бақылау парақтары толтырылды. Бұл деректер ШЖМ мұғалімдерінің жаңартылған білім мазмұнына толық көшуге дайындықтарын көрсетті. Зерттеу нәтижелері ШЖМ-тің біріктірілген сыныптарында анықталған мәселелерді шешуге арналған жобаны әзірлеуде қолданылды. Мұғалімдермен әңгімелесу қорытындысы біріктірілген сыныптарда балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, сабақ жоспарын құру мұғалімдердің көпшілігіне қиындық туғызатынын көрсетті. Көбінесе сабақты жоспарлау біржақты ақпаратты жеткізумен және тапсырмаларды тарату, жаттығуларды өзіндік орындау жоспарымен шектеледі. ШЖМ мұғалімдері біріктірілен сыныптарда сабақ беру спецификасын жетік білмейді. Мониторинг барысында мұғалімдердің жаңа тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдануы үшін қысқа мерзімді курстардың жеткіліксіз екендігі анықталды.

Қостанай облысының математика пәнінің мұғалімі берген сұхбатынан: «Мен бала саны 1-10 білім алушыдан аспайтын шағын ауыл мектебінде жұмыс істеймін. Тәжірибем көрсеткендей, дәстүрлі жұмыс тәсілдері мұндай мектептерде тиімсіз. Оларды қолдану мұғалімнің де, білім алушының да эмоционалдық ширығуын туғызады; сабақтағы жұмыс темпі баяулайды; білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы азаяды, оқу іс-әрекетінде мұғаліммен бірге көбірек жұмыс жасайды. Білім алушыларға мұғалімнің ықпалы басым болады, бұл өз кезегінде білім, білік, дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді, ең алдымен математикалық сөйлеу тілін меңгеруіне әсер етеді. Оқуға деген қызығушылықтары төмендейді...Шағын жинақты мектептегі мұғалім аса қиын жағдайда жұмыс жасайды: әрбір сыныптың оқу бағдарламасы бойынша дайындық деңгейлері әртүрлі, жас ерекшеліктері бірдей емес балалармен бір мезгілде жұмыс жүргізуге тура келеді. Бірнеше сыныппен бір мезгілде жұмыс жасау шағын жинақты мектептің мұғалімінен мұқият дайындықты, оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруды, сабақ кестесін тиімді етіп құруды, педагогикалық такт қадамын шебер қолдануды талап етеді».

Мұндай жағдайда ШЖМ білім беру процесін қамтамасыз ету үшін әдіснамалық, ақпараттық-коммуникативтік қолдауға аса мұқтаж. Бұл жағдайда бізге мүмкіндігі мол әдіс-тәсілдері мен стратегиялары бар білім беру саласындағы жаңаша көзқарастар көмектеседі. Қашықта орналасқан мектептегі оқу процесін жетілдіру – оңай жұмыс емес, себебі мұғалімдер тәжірибе алмасуы керек, бұл да берілетін әдістемелік көмектің кешіктірілмеуі керектігін дәлелдейді.

2016 жылдың 22 желтоқсанында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасында «ШЖМ жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Семинар-кеңестің негізгі мақсаты– жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайындағы ШЖМ пен ресурстық орталық қызметіне

қатысты мәселелерді талқылау болды. Семинар барысында ШЖМ мұғалімдері және облыстық білім басқармасының әдіскерлерімен бірге біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыру мәселелері қозғалды.

Семинар қорытындысы және мониторинг нәтижелері ШЖМ біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешу бойынша жоба негізін әзірлеуге пайдаланылды. Жобаның түпкі мақсаты – ШЖМ мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету, жаңартылған және қазіргі бағдарламалардың айырмашылықтарын ескере отырып орта мерзімді жоспар (бұдан әрі – ОМЖ) және қысқа мерзімді жоспар (бұдан әрі – ҚМЖ) құруды үйрету.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайында ШЖМ біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру механизмін әзірлеу үшін:

1. Мұғалімдерге қажетті әдістемелік ұсынымдар әзірлеу үшін мониторинг нәтижелерін қолдану;

2. ШЖМ мұғалімдерін әртүрлі педагогикалық әдістерді үйлестіруге, сонымен қатар біріктірілген сыныптарда сабақ беру кезінде білімдерін, нақты әдіс-тәсілдерді қашан, қалай қолдану керектігін үйрету;

3. Тәжірибесі аз мұғалімдер кәсіби көмекке мұқтаж;

4. Мұғалімдерге жаңартылған және қолданыстағы бағдарламамен қатар оқып жатқан сыныптарда ОМЖ және ҚМЖ құруды үйрету;

5. Оқыту үрдісін жетілдіру үшін мектеп тәжірибе, білім, инновациямен алмасуды қажет етеді, себебі жаңартылған білім беру мазмұнын толық түсінбегендіктен және мектептің оқшауланууы дамуына кедергі жасайды.

ШЖМ қызметін ұйымдастыру дамытушылық педагогикалық ортаны талап етеді, оның негізінде өзіндік білім көтеру идеясымен әр жастағы оқушылардың өнімді өзара іс-қимылы жүзеге асады. Шағын жинақты мектеп өзінің білім беру әрекетінде келесі ұстанымдар мен тәсілдерді басшылыққа алады [35]:

− білім алушылардың әртүрлі жаста екендігін ескеру;

− бір пәндік және бір тақырыптық ұстанымдарға негізделген кіріктіре оқыту сабақтарын ұйымдастыру;

− біріктірілген сыныптар үшін сабақ кестесін тиімді етіп құрастыру;

− даралап және саралап оқыту;

− оқу процесінің технологиясы мен мазмұнының бейімделуін және вариативтілігін жүзеге асыру;

− білім алушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамыту;

− тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда мәдени орталықтардан шалғай орналасқандығын ескеру;

− білім алушылардың оқу барысындағы бір-біріне өзара көмектесуі және ынтымақтастығы.

Екі немесе үш сыныпты біріктіру қажет болған жағдайда сабақтың жылжымалы кестесін қолдану ұсынылады.

Сыныптарды біріктіру екі есе дайындалуды, сондай-ақ екі сабақ жоспарын бір жоспарға біріктіруге және сабақ барысында барлық білім алушылардың толық әрекеттілігін қамтамасыз етуге негізделген арнайы жоспарлауды талап

етеді. Бұл жағдайда білім алушылардың өзіндік жұмысы, сондай-ақ топтық немесе жұптық жұмысы сабақтағы білім алушылар әрекетінің міндетті және жүйелі түріне айнала отырып, мұғалімге бір немесе екінші білім алушылар тобына кезек-кезек көңіл бөлу мүмкіндігін ұсына отырып, маңызды мәнге ие болады. Бұл жұмыстар бағдарламаның талаптары мен білім алушылардың қабілетіне қарай, олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, саралап жүргізіледі. Әртүрлі жастағы білім алушыларға өзіндік жұмыс ұйымдастыру оқу материалының мазмұнын тиянақты саралауды талап етеді. Әр сыныптың бағдарламасына сәйкестік деңгейін, білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, қосымша үлестірме материалдар әзірленеді. Мысалы, 2-сыныптағы жазу және математика сабақтарындағы бағдарламаға сәйкес өзіндік жұмыстардың рұқсат етілген ұзақтығы 15-25 митуттан артық емес («Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»).

Әртүрлі жастағы балаларды оқытуды ұйымдастыру барысындағы күнтізбелік жоспарды әзірлеудің өз ерекшелігі бар: тақырыбы бір сабақтарды анықтау мақсатында екі немесе одан да көп сыныптың күнтізбелік жоспарлары салыстырылады. Біртақырыптық сабақтарды жоспарлауда күнтізбелік жоспар бірнеше сыныптың бірлескен оқу іс-әрекеттерін қамтуы мүмкін. Бұл жағдайда біртақырыптық сабақтарды өткізу үшін бөлімдердің тұтастығын бұзбай, кейбір тақырыптардың мерзімін жылжытуға болады. Осыған орай біріктірілетін сыныптарға ортақ оқу мақсаттарын анықтап және әр жас ерекшелігіндегі топ үшін міндеттерін нақтылау қажет: жас ерекшелігіне қарамастан топта отырған барлық білім алушыларға бір мезгілде оқытуға мүмкін болатын білім және білік мазмұнын тақырыптан іріктеп алу; әртүрлі жастағы білім алушылармен жүргізілетін сабақтағы оқу іс-әрекеттерінің тәсілдерін таңдау; сабақтың мазмұнында әр жас ерекшелігіндегі топтар үшін спецификалық сұрақтарды анықтау; оқу материалдарының мазмұнының ерекшелігіне қарай әр сыныпқа топтық және жеке жұмыс түрлерін іріктеу.

Пәнішілік байланыс жоқ болған жағдайда пәнаралық кіріктіріп оқыту мүмкіндігі бар. Кіріктірілген сабақтардың негізіне білім беру мазмұнының басты элементтерін мүшелеуге мүмкіндік беретін, жүйе құраушы идеяларды, түсініктерді, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін дамытуды көздейтін пәнаралық байланыс жатқызылады. Кіріктіре оқыту, бір жағынан алғанда, «Тұтас әлемді» көрсетуге мүмкіндік береді, екінші қырынан– оқу уақытын үнемдейді, босаған уақытты бейіндік саралап оқытуға пайдалануға болады [36].

Біріктірілген сыныптардың оқу бағдарламасының негізінде біріктірілген жұмыс жоспарын дайындауда мұғалім тақырыптарды оқытудың жаңа реттілігін қалыптастыра алады (қисыны), кейбір тақырыптардың мазмұнын толықтыра алады (түсініктерін кеңейту, оқу материалының мазмұнын тереңдету), жекелеген тақырыптарға бөлінген сағат сандарын өзгерте алады (реттеу), тақырыптар аясын кеңейтіп, практикалық, өзіндік жұмыстарының саны мен ұзақтығын реттейді, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды толықтыра алады. Біріктірілген жұмыс бағдарламасында оқу

үрдісін түрлі нысанда ұйымдастыруға пайдалануға болатын бос оқу уақытының резерві қарастырылуы мүмкін, оларды біріктірілген сыныптардың ерекшелігіне сәйкес қазіргі заманғы оқыту әдістерін және педагогикалық технологияларды енгізуге пайдалануға болады.

Мұғалім біріктірілген сыныптарда оқыту үрдісінде ОӘК құрамына кіретін, арнайы әзірленген электрондық қосымшадан бөлек, оқу үрдісін дараландыруға және білім берудің ақпараттық технологияларын қолдану арқылы білім алушының оқуының жеке траекториясын жобалауға мүмкіндік беретін электронды порталдарда орналастырылған сандық білім ресурстарын (СБР) пайдалана алады.

Білім беру мазмұнының жаңартылған жүйесін енгізу шағын жинақты мектеп білім алушыларын оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді, себебі, оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу, мұғалімде жаңа көзқарас қалыптастырады және оның оқу үрдісіндегі бағыттаушы рөлі барлық оқу үдерісін технологизацияландыруға ықпал етеді. Білім беру құрылымын жаңарту дәстүрлі репродуктивті оқыту стилін еңсеруді және танымдық белсенділікті, білім алушылардың ойлау дербестігін қамтамасыз ететін білім берудің жаңа, дамытушы конструктивті моделіне көшуді қарастырады. Білім беруді жаңарту бағдарламасы келесіні көздейді: оқытудың белсенді формаларын қолдану, оқу іс-әрекеті құрылған коллаборативті орта жағдайында жүргізіледі, саралап оқытуды іске асыру, жүзеге асыру барысында пәнаралық байланысты қамту. АКТ қолдану, диалогтік оқыту, зерттеу әдістерін пайдалану және білім алушылардың жобалау жұмыстары міндетті болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту, саралап оқыту үрдісінде жұмыс істеу жағдайына дайын болуды талап етеді.

Жаңартылған білім бағдарламасының «шиыршықты» принципі мен қолданыстағы оқу бағдарламасының тақырыптық оқытылуы білім мазмұнындағы айырмашылықты анықтайды және оларды бейімдеуді қажет етеді.

Ол үшін оқу процесін ұйымдастырудың келесі механизмі ұсынылады: жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалармен оқитын ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді (ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) жоспарларды әзірлеу.

Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқитын біріктірілген сыныптарға ҰМЖ және ОМЖ жасаудағы алғашқы қадам - біріктірілетін сыныптардың ҰМЖ және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды талдау:

1. Сыныптарды бірпәндік біріктіруде біртақырыптық сабақтар белгіленеді, бақылау жұмыстары, сынақ, мүмкіндігінше зертханалық жұмыстардың мерзімдері сәйкестендіріледі.

2. Бағдарлама бойынша оқу материалының мазмұны іріктеліп, біріктірілетін сынып үшін модульдерге бөлінеді.

3. Тақырыптар сәйкес келмеген жағдайда біріктіру бірпәндік болып қала береді және оқу процесін ұйымдастыру барысында бірнеше сыныппен қатар

жұмыс жасауға мүмкіндік беретін белсенді педагогикалық тәсілдерді таңдауды қажет етеді.

4. Тақырыптарды іріктеу және сәйкестендіру жолымен алынған бейімделген оқу материалының негізінде, оқу мақсаты анықталады және жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқитын біріктірілген сыныпқа арналған ҰМЖ жасалады.

5. ҰМЖ негізінде ОМЖ құрылады.

ОМЖ білім мазмұнын, оқу мақсаттарын, оқыту нәтижесін және мұғалімнің кері байланысын қамтиды.

ОМЖ келесіден тұрады:

- жұмыс кезеңдерінің сабақтастығын анықтау;
- жаңа тәсілдердің жеті модулін сыныптағы оқыту практикасына енгізу;
- әр сабақтың оқу мақсаттарын нақтылау;
- нәтижені өлшеу құралдары мен әдістерін анықтау;
- болжанған нәтижеге жету мақсатында оқыту мен білім беру міндеттерін нақтылау;
- білім берудің барлық кезеңінде тұрақты оң динамиканы қамтамасыз ету;
- қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша білім берумен барлық білім алушыларды түгел қамтудың стратегиялық жоспарын жүзеге асыру.

Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша бір мезгілде біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастырып және сабақты жүргізу үшін ОМЖ оқу мақсаттары толықтырылады және түзетіледі. ОМЖ бойынша екі сыныптың оқу модульдерін біріктіру кезінде сағат сандарының сәйкестігі салыстырылады және бекіту, қайталау, білім алушылардың білімдерін тексеру сабақтарының есебінен қайта қаралады. ОМЖ тақырыбы пән бойынша оқу бағдарламасының бөліміне сәйкес келуі қажет. Бұл жағдайда ОМЖ мақсаты, біріктірілген сыныпта оқытудың барлық кезеңдерінде мақсатты оң өзгерістерді қамтамасыз ететін жүйелі-әрекеттік және оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың жекелеген нәтижеге жетуін қамтамасыз етуге бағытталған. ОМЖ мұғалімге мақсатты жұмыс жасауға және оқыту объектілерін нақтылауға мүмкіндік береді. Белгілі бір бөлімді оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау тәсілі арқылы бағалап және нақтылай отырып, біртіндеп мұғалім өзінің болжау дағдыларын дамытады.

Біртақырыптық біріктіру және ортақ мақсат қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бірпәндік біріктіру сабақтарының жоспарын әзірлеуде білім алушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес нақты оқу міндеттері қажеттілігінше бөлек қойылады, бірақ оқу процесін ұйымдастыру барысында бірнеше сыныппен қатар жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ортақ белсенді педагогикалық тәсілдерді таңдауға болады[37].

Сонымен бірге ОМЖ және ҚМЖ жасауда жаңартылған бағдарламада ортақ тақырыптардың барын ескеру ұсынылады, оқытудың жүйелілігін сақтай отырып, оқу материалының мазмұнын модулдерге бөлуде пайдаланылады.

Жұмыс бағдарламасы (ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) – бұл педагогтың жеке құралы,

онда мақсатты нәтижеге жетуге бағытталған білім беру үрдісін ұйымдастырудың белгілі бір сыныпқа (нақты білім алушыларға) арналған барынша тиімді және оңтайлы мазмұны, түрлері, әдістері мен тәсілдері анықталған, алдымен оның орта білім берудің Мемлекеттік білім стандарттарының талаптарына сәйкес болуын естен шығармау маңызды. Сонымен бірге мектептің нақты жағдайы және мүмкіндігі де ескерілуі тиіс (спецификасы), білім беру қажеттіліктері мен білім алушылардың даму ерекшеліктері (мысалы, мектептегі белгілі бір пән бойынша үздіксіз білім алу мүмкіндігі, білім беру үрдісінің жабдықталуы, сыныпты топтарға бөлудің мүмкін болмауы, оқыту нәтижелерін тексеру мен бағалаудың қолданыстағы түрлері, тәсілдері және құралдары, бұған дейін басқа білім беру бағдарламасымен оқыған білім алушылар санының болуы, бағдарламалардың мүмкін болатын байланыстары және басқа).

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу бағдарламасын бейімдеудің мүмкіндіктеріне жеке пәндер бойынша тоқталатын болсақ: **қазақ тілі пәнінде** жаңартылған бағдарлама сөйлеу әрекетінің тілдік дағдыларын (тыңдылым,айтылым,оқылым,жазылым) оқу мақсаттарына сәйкес жетілдіруге, түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикеттерін қолдануға бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі «шиыршықты» принциппен берілуі және сынып өскен сайын тілдік мақсаттың күрделенетіндігі. Қолданыстағы оқу бағдарламасының мазмұны тақырыптармен берілген, сондықтан қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы ерекшеленеді. Мысалы 2-ші және 3-ші біріктірілетін сыныптар үшін қазақ тілі пәнінен мұғалім екі сыныпқа мәтінмен бірлесіп жұмыс ұйымдастырып, бірақ әр сыныпқа тақырыпқа сәйкес тапсырмалар беруі мүмкін. Нақты сабақ барысында 3-сынып оқушылары мәтіннен жалаң және жайылма сөйлемдерді анықтаса, 2-сынып оқушылары сол сөйлемдердің түрлерін анықтауы мүмкін. Біріктірілетін сыныптар үшін тілдік дағдыларды дамытуда жаңартылған бағдарламамен оқитын сыныптың оқу мақсаттарына ғана сүйенбей, қолданыстағы бағдарлама бойынша оқитын сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес, меңгеруі тиіс білім қорының мазмұнына қарай күрделенген оқу мақсаттарын жоспарлауды назардан тыс қалдырмау керек. Қазақ тілі пәнінде 2-сыныптың түрлі деректерден ақпарат алу мақсатын жүзеге асыру үшін 3-сыныптың оқу материалындағы сөздерге, тақырыптарға талдау жасап, дерек алуына мүмкіндік беруге болады. Бұл мұғалімге күнтізбелік-тақырыптық жоспардан жаңартылған бағдарлама бойынша жасалған сабақ жоспарларына көшуді жеңілдету мүмкіндігін береді.

«Әдебиеттік оқу» пәнінен 2 сыныптарда оқу жылындағы оқу материалының көлемі аптасына 3 сағат, ал 3-сыныптарда оқу материалдарының көлемі аптасына 4 сағат болуына байланысты, 2 және 3 біріктірілген сыныптар үшін 102 сағатқа бірпәндік ұзақ мерзімді оқу жоспарын жасауға болады. 3-сыныпта оқу жылындағы артық 34 сағатқа арналған оқу материалын іріктеп, сабақ кестесін реттеу арқылы (соңғы сабаққа ауыстыруға болады) бөлек өткізу

ұсынылады. 3-ші сыныпта жеке өткізуге ұсынылатын 34 сағат көлеміндегі оқу материалын төмендегі тараулар бойынша, берілген тақырыптардан алу ұсынылады.

Тарау-«Маужырап барқыт қоңыр күз»

1. М. Әуезов «Күзгі құс керуені».
2. Н. Айтов «Қазан».
3. М. Дулатұлы «Күз».
4. Ә. Табылды «Дақылдар әні».
5. А. Синявсеий «Аюдың әулеті».

Тарау- «Ата-баба тарихы-менің тарихым»

1. О. Асқар «Туған жер».
2. Д. Әбілев «Туған тілім».
3. «Бетпақ дала».
4. М. Айтхожина «Түркістан».
5. «Алпамыс батыр мен Байшұбар ат».
6. «Ақдауыл хан».
7. «Қобыланды батыр».
8. Ө. Тұрманжанов «Шал мен бала».
9. Ш. Мұртаза «БалаТұрар».
10. А. Жақсыбаев «Батырдың ұрпағы».
11. Ж. Жабаев «Менің өмірім».
12. Ш. Мұртаза «Интернат наны».
13. М. Тәнекеев «Ғажайып адам».
14. Мазмұндама «Бөрік».
15. Ә. Сәрсенбаев «Халық кегінің күйшісі».
16. «Тәуелсіздік күні».
17. «Бата сөз».
18. «Әнет баба батасы».
19. Жұмбақ.
20. Жаңылтпаш.

Тарау- «Туған жерге қыс келді»

1. Т Айбергенов «Ақ қыс».
2. Ш. Ниязин «Желтоқсан батыр».
3. С. Сейфуллин «Қызыл шұнақ».
4. С. Ғаббасов «Қызыл түлкі».
5. М. Құлибайұлы «Мейірім».
6. Толыбаев «Қар жауып тұр».
7. О. Асқар «Қыс қызықтары».
8. М. Зверев «Қысқы балапандар».

Тарау- «Жақсыдан үйрен»

1. М. Әуезов «Кітап қадірі».
2. Н. Ақышев «Балалар елін бағындыру».
3. Б. Момышұлы «Ұшқан ұя».
4. Д. Қасенов «Өзін – өзі жеңген бала».

5. А. Жақсыбаев «Оқымысты бала».
6. «Адамның бәрі бірдей неге ақылды емес?»
(Африка халықтарының ертегісі)
7. Баянбай «Жақсы мен жаман».
8. В. Росин «Бұғышақ пен оның серігі».
9. Мазмұндама «Батыл бала».
10. Н. Серәлиев «Өтірік өрге баспайды».
11. Қ. Баянбай «Тырна,Тоты».

Тарау- «Масатыдай құлпырар жердің жүзі»

1. Абай «Жазғытұры».
2. М. Бекбосын «Бозторғай - дала сәні».
3.Жармағамбетов «Дуадақ».
4. Б. Әдет «Бүршік».
5. Қ. Елемес «Құстардың ұясы».
6. Қ. Толыбаев «Самал».
7. Ы. Алтынсарин «Таза бұлақ».
8. Т. Молдағалиев «Көл».
9. Е. Елубаев «Төрт түлік».
10. «Сөз және мағына».
11. Ы. Алтынсарин «Жаз».
12. М. Әуезов «Отамалы».
13. Д. Қасенов «Найзағай».
14.Е. Елубаев «Нөсер».
15. Д. Қасенов «Жайлау күні».
16. Қ. Аманжолов «Ұшқыш болғым келеді».
17. Ж. Кенжалиев «Құралай».
18. Е. Елубаев «Кемпірқосақ».
19. С. Шомақов «Есектің мұңы».
20. Қ. Толыбаев «Қаңбақ».
21. Ж. Кәрбозин «Төрт мезгілді аңсау».

«Әдебиеттік оқу» пәнінен 2-3 біріктірілген сыныптарда тоқсандар бойынша сағат сандарын сәйкестендірудің үлгісі берілген.

Сынып	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
2-сынып	30 сағат	21 сағат	30 сағат	21 сағат
3-сынып	38 сағат	29 сағат	40 сағат	29 сағат
3- сынып жеке өтілетін 34 сағат	**I тоқ-8 сағ**	**II тоқ-8 сағ**	**III тоқ-10сағ**	**IVтоқ-8 сағ**

Әдістемелік ұсынымда беріліп отырған ұзақ мерзімді жоспар үлгісіндегі #-белгісі қойылған тақырыптар сабақ кестесін ыңғайластыру арқылы жеке өткізуге ұсынылған тақырыптарға жатады.

«Әдебиеттік оқу» пәнінен 2-4 біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру барысында мұғалімнің көмегімен мәтіннің желісі бойынша

сюжетті дамытуға арналған тапсырмаларды орындауға болады. Мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыруға бағытталған тапсырмаларға мысал ретінде, 4-сыныптағы Қ. Қазыбекұлының «Бата» өлеңінің желісімен сурет салу арқылы иллюстрация құрастыруды тапсыруға болады. «Әдебиеттік оқу» пәнінен 2-4 біріктірілген сыныптар үшін де сағат сандарының сәйкестігі мен оқу материалының мазмұнына байланысты 2-3 біріктірілген сыныптарға арналған үлгі ұсынылады. Яғни, 2-ші сыныптарда оқу жылындағы оқу материалының көлемі аптасына 3 сағат және 4-ші сыныптардағы оқу материалдарының көлемі аптасына 4 сағат болуына байланысты, 102 сағаттық оқу материалын (аптасына 3 сағат) ұзақ мерзімді оқу жоспарын жасау арқылы біріктіріп оқыту, 4-сыныптағы артық 34 сағатқа арналған оқу материалын (аптасына 1 сағат) сабақ кестесін реттеу арқылы бөлек өткізу ұсынылады. 4- сыныптың жеке өткізуге ұсынылатын 34 сағат көлеміне арналған тақырыптары төменде берілген.

Тарау-«Кәусар бұлақ»

1.Ж.Аймауытов «Қартқожа».
2.А.Құнанбайұлы «Күз».
3. «Диқан баба». (аңыз)
4. «Зеректік».
5. Жамбыл Жабаев «Алатау».
6.М.Қуанышбеков «Көптен безген көгермес».
7. Мазмұндама «Серуенге шыққанда».
8. Тарауды қайталау сұрақтары мен тапсырмалар.

Тарау- «Асыл арналар»

1.Бөлтірік шешен.
2. «Ақиық сұңқар».
3.Киелі жеті саны.
4.Д.Әбілев «Астанаға ақ бата».
5. Бата сөз.
6.Б.Үсенбаев «Сөз мәйегі».
7.А.Сейдімбек «Бақ, Дәулет және Аман».
8.Б.Кірісбайұлы «Хайуанаттар дүниесі».
9.Ө.Тұрманжанов «Жолаушыдан жолаушы жолың болсын сұрайды».
10.Жұмбақ айтыс.
11.Шығарма «Алғашқы ұстаз».
12.Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Тарау- «Жарық жұлдыздар»

1.А.Естенов «Абылай».
2.Қ.Жұмаділов «Қабанбай».
3.Қ.Мырза Әли «Атымтай Жомарт».
4.М.Етекбаев «Миуалы ағаш».
5.Б.Исаев «Күріш туралы сыр».
6.А.Нысаналин «Құдайы қонақ».
7.С.Сейфуллин «Балуан Шолақ».

8.Б.Тоғысбайұлы «Ақан сері».
9.Т.Имантаев «Қаныш бұлақ».
10.Ә. Ысқақбай «Жан еді сондай балажан».
11.Ж.Молдағалиев «Кішіпейілдік».
12.Б.Момышұлы «Ұшқан ұя».
13.Н.Айтов «Өнер жолында».
14.М.Жолдасбеков «Тоқсан жастағы тарлан».
15.Ш.Сариев «Тәуелсіздік монументі».
16.Т.Молдағалиев «Республика рәміздері».
17.Шығарма «Тәуелсіз ел -Қазақстан».
18.Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Тарау- «Мәуелі бақ»

1.Қ.Тоқмырзаұлы «Толағай».
2.Б.Баймаханов «Атша көкек».
3. «Қобыланды батыр». (жырдан үзінді)
4.Ш.Күмісбайұлы «Қарауыл».
5. «Ер Тарғын мен Тарлан атттың ерлігі». (үзінді)
6.Мазмұндама «Тұңғыш кен инженері».
7.Ш.Смаханұлы «Су мен Балық».
8.А.Құнанбайұлы «Қыс».
9.Қ.Тоқмырзаұлы «Егізқара».
10.К.Ахметова «Қазағым менің».
11.С.Кенжеғұлов «Қазантаста».
12.Б.Әдетов «Аңыз арнасы».
13.М.Әбілұлы «Құпия әуен».
14.М.Етекбаев «Құмыра».
15.Д.Қасенов «Қос батыр».
16.А.Құдайбергенов «Ақжайық».
17.М.Мақатаев «О, туған ел!».
18.С.Ақаев «Қанағат-қарын тойғызар».
19. Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

«Туған жердің табиғатын аяла!»

1. О.Бөкей «Құм мінезі».
2. М.Төрежанов «Сақшылар».
3. М. Жұмабаев «Жазғытұрым».
4. А.Шаяхмет «Аяз бен Қыдыр».
5. Н.Сералиев «Қарлығаш немесе мамамның әңгімесі».
6.Мазмұндама «Піл мен тышқан»
7. Ә.Дүйсенбаев «Ардақты ана».
8. Қ.Әбдуов «Құралай».
9. Қ.Елемес «Жабайы алма».
10. М.Тоқашбаев «Қармаққа түскен шағала».
11. С.Сейфуллин «Наурыз».
12. М.Дулатов «Қош келдің, Наурыз!».

13. Шығарма «Наурыз тойы».
14. С.Шаумаханов «Ағаш ек».
15. «Наурыз жыры».
16. Ш.Құсайынұлы «Аралым қайта туса».
17. Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Қазақ әдебиеті пәнінен 5-сыныптың жаңартылған бағдарламасы мен қазіргі қолданыстағы бағдарламамен оқытылатын 6-сыныптың оқу материалдарының мазмұны толық сәйкес келеді. Сол сияқты, 6-сыныптың жаңартылған бағдарламасы мен қазіргі қолданыстағы бағдарламамен оқытылатын 7-сыныптың оқу материалдарының мазмұны да толық сәйкес келеді. Сондықтан, шағын жинақты мектептің 5-6 біріктірілген сыныптарында жаңартылған және қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша 2017-2018 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыруға 5-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінің жаңартылған бағдарламасымен жасалған ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларын пайдалануды ұсынамыз. 6-7 біріктірілген сыныптарда жаңартылған және қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша 2017-2018 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыруға 6-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінің жаңартылған бағдарламасымен жасалған ұзақ мерзімді және орта мерзімді оқу жоспарларын пайдалануды ұсынамыз.

Шағын жинақты мектептің 6-7 біріктірілген сыныптарында жаңартылған және қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша 2017-2018 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыруға 6-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінің жаңартылған бағдарламасына сәйкес жасалған ұзақ мерзімді және орта мерзімді оқу жоспарларын пайдалануды ұсынамыз. Себебі, 6-сыныптың жаңартылған бағдарламасы мен қазіргі қолданыстағы бағдарламамен оқытылатын 7-сыныптың оқу материалдарының мазмұны толық сәйкес келеді.

«Әдебиеттік оқу» пәнінен біріктірілген 2-4 сыныптарындағы жаңартылған және қолданыстағы бағдарлама бойынша оқу материалының сәйкестігі

№	Оқу материалының мазмұны 2 сынып	Тақырып тардың сәйкестігі	Оқу материалының мазмұны 4 сынып
1 тоқсан			
Өзім туралы 2.1.1.1	шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	+	Ә.Бөриев. Ересек оқушы
2.1.2.1	шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	+	С.Торайғыров. Шығамын тірі болсам, адам болып
2. Менің отбасым және достары	шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	+	А.Аманжолов. Әке тәлімі
2.1.5.1	өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	+	Ы.Алтынсарин. Бай баласы мен жарлы баласы
2.2.1.1 2.2.1.2	- мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; - шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	+	Д.Қасенов. Адалдық С.Көбеев.
2.2.2.1	мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	+	Сералиев. Терең су
2.2.3.1	мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	+	С.Бегалин. Шоқанның қамқорлығы
2.2.4.1	мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	+	Б.Соқпақбаев. Шал мен бала
2.2.6.1	кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	+	Ж.Молдағалиев. Ар-ұят туралы

2.2.7.1	мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу	+	Т.Әбдірайымов. Тарқаған өкпе
2.2.8.2	мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру	+	М.Қуанышбеков. Өкініш
2.2.9.1	сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу	+	Ә.Жүсіп. Үйқы
2.3.1.1	мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	+	Көбеев. Өсиет
2.3.2.1	мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	+	М.Мәжікеев. Болар бала жасынан
2.3.3.1	шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну	+	Қ.Құмарұлы. Ата айтады
2.3.4.1	мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	-	Е.Мырзахметов. Ананың алақаны
2-тоқсан			
3. Менің мектебім	шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	+	І.Жансүгіров. Ана тілі
2.1.3.1	шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	+	Ш.Құдайбердіұлы Насихат
2.1.4.1	сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	+	Н.Жанаев. Мұғалім
4. Менің туған өлкем 2.1.5.1	өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	+	Р.Мумеев. Алтын іздеген адам
2.2.1.2	шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	+	М.Әуезов. Жұт алдында

2.2.2.1	мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	+	С.Бегалин. Туған жер құдіреті
2.2.3.1	мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	+	Е.Елубай. Жайық пен Ертіс
2.2.4.1	мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	+	С.Кенжеғұлов. Ахмет мерген
2.2.6.1	кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	+	М.Зверев. Мен қалай жазушы болдым
2.2.8.2	мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру	+	Қ.Толыбаев. Медеу
2.2.9.1	сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу	+	Ә.Жапаров. Қазына көтерген бала
2.3.2.1	мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	+	І.Жансүгіров. Жетісу суреттері. Жамбыл. Алатау
2.3.3.1	шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну	+	Ғажайып бақ (ертегі)
2.3.4.1	мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	-	О.Мацкевич. «Гәкку» сахнаға қалай келген?
3-тоқсан			
5. Дені саудың жаны сау	шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	+	С.Тұрсынов. Мұхаң да футбол ойнаған
6. Салт-дәстүр және ауыз	шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	+	Ф.Оңғарсынов. Оюлар
2.1.3.1	шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	+	Қ.Толыбаев. Ермен

2.1.4.1	сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	+	С.Хасан. Атамның алақаны
2.1.5.1	өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	+	О.Асқар. Шеберлік шежіресі
2.2.1.1 2.2.1.2	мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	+	Н.Қазыбеков. Көктеу. Жайлау
2.2.2.1	мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	+	Қ. Елемес. Сайгүлік
2.2.3.1	мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	+	Ж.Өмірбеков. Асығым
2.2.4.1	мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	+	Н.Қадырбаев. Тағылым
2.2.5.1	мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау	+	О.Асқар. Ақылды бала
2.2.6.1	кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	+	М.Шаханов. Достық өлкесінің заңы
2.2.7.1	мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу	+	Ө.Қанахин. Жер-мекен
2.2.8.1 2.2.8.2	мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация,	-	Қ.Қазыбекұлы. Бата
2.2.9.1	сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу	+	Ф.Оңғарсынов. Шаңырақ
2.3.1.1	мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	+	Б. Нұржекеұлы. Сыпайылық салтанаты
2.3.3.1	шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну	+	О.Сүлейменов. Ертегі

2.3.4.1	мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	-	А.Сейдімбеков. «Жезкиік» күйі
4-тоқсан			
7. Қоршаған орта	шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	+	Қ.Мырза Әли. Қызыл кітап
8.Саяхат 2.1.3.1	шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	+	Ш.Айтматов. Атамның ертегісі
2.1.4.1	сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	+	Рудольф Эрих Распе. Айға алғашқы сапар
2.1.5.1	өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	+	Божена Немцова. Гонзик латын тілін қалай үйренді
2.2.2.1	мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	+	В.А. Сухомлинский. Бір шелек алма. Қоқыс
2.2.3.1	мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	+	И.А.Крылов. Екі бала
2.2.5.1	мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау	+	А.С.Пушкин. Балықшы мен балық туралы ертегі
2.2.6.1	кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	+	Х.К.Андерсен. Түймедақ
2.2.7.1	мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу	+	Л.Н. Толстой. Филипок
2.2.8.1 2.2.8.2	мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; мұғалімнің көмегімен кейіпкердің іс-әрекетіндегі өзгерісті, эпизодтарды немесе	+	Т.Молдағалиев. Ғарыш қыраны
2.2.9.1	сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу	+	С.Қалиұлы. Солдат хаты

2.3.1.1	мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	+	С.Сарғасқаев. Шаңғы жарысында
2.3.2.1*	мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	+	А.Сейтақ. Қазақстан таулары
2.3.4.1	мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	-	С.Мұқанов. Есіл

Орыс тілінен пән мұғалімдері сабақтарды лексикалық-грамматикалық материалдары мен оқыту мақсаттары бойынша біріктірген орынды деген пікірге тоқталып отыр, өйткені біріктірілген сыныптардағы оқыту тақырыптамасы әртүрлі. Бұл мұғалімге тілдік қызметтің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту бойынша жұмысын жүйелі жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандырып отыруға мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектептердің қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша білім алатын біріктірілген 2,3-сыныптарына арналған ұзақ мерзімді жоспарлаудың беріліп отырған үлгілерінде 2 сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі негізге алынған. Зерделеп отырған материалдың 2 және 3 сыныптарға арналған тараулары бойынша сәйкестігі көп емес, себебі оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай құрылған.

Мысалы, «Сөз түбіріндегі жұптасқан дауыссыздың дұрыс жазылуы» 2- сынып оқушыларымен 2-тоқсанда өтілсе, 3-сыныпта бұл тақырып зерделенген тақырыпты қайталау ретінде 1-тоқсанда өтіледі. 3-сыныптың қолданыстағы бағдарламасын басшылыққа алсақ, тақырыптар мен мақсаттарды (26 біртақырыпты сабақ) біріктіру мүмкін, бірақ бұл оқыту мақсаттарындағы жүйелілікті бұзады. Сондықтан «Орыс тілі және әдебиеті» пәнінен ұзақ мерзімді жоспарлау бойынша шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарындағы жұмыс пратикасында қолдануға беріліп отырған үлгілер практиктермен тірек жоспары ретінде ұсынылып отыр.

Орыс әдебиетінен оқытудың ұқсас мақсаттары түрлі шығармалар бойынша материалдардың негізінде бірыңғай мақсаттарды көздеуге мүмкіндік береді: ұзақ мерзімді жоспарда оқытудың мақсаттары толық жазылған, ал орта мерзімді жоспарлауда оқытуда күтілетін нәтижелер көрсетілген. Бағдарламаның әр тарауы бойынша оқыту мақсаттары үш тармақта көрсетілген:

1. Мәтінді түсіну.
2. Мәтінді талдау және түсінік беру.
3. Бағалау мен салыстырмалы талдау.

«Орыс тілі және әдебиеті» пәнінен (Т2) біріктірілген 5-6 сыныптарындағы жаңартылған және қолданыстағы бағдарлама бойынша оқу материалдарының сәйкестігі

Оқу мақсаттары	Оқу материалының мазмұны 5-сынып	Оқу мазмұнының сәйкестігі	Оқу материалының мазмұны 6-сынып
5.2.1.1 5.3.1.1 5.4.1.1 5.5.1.1	Климат и природа.	+	Климат: погода и времена года.
5.5.1.2.	Семья.	+	Язык и общение.
5.2.1.1 5.3.2.1	Ценности: дружба и любовь.	+	Древние и современные цивилизации.
5.3.5.1. 5.3.6.1. 5.4.6.1.	Кем я хочу стать, когда вырасту.	+	Человек и современные технические устройства.
5.3.7.1. 5.3.8.1. 5.4.6.1.	Жизнь и творчество.	+	Герои и злодеи: реальность и выдуманные истории.
5.1.4.1. 5.4.1.1 5.5.1.1. 5.5.1.2.	Культура одежды.	+	Характер и внешность человека.
5.1.3.1. 5.1.5.1. 5.2.6.1. 5.3.5.1. 5.4.2.1. 5.4.7.1.	Мир фантазии.	+	Чудеса света.
5.1.5.1. 5.2.1.1. 5.2.3.1. 5.3.3.1. 5.4.4.1. 5.5.1.2.	Мы выбираем спорт.	-	Астрономия: планеты и спутники.
5.2.3.2. 5.2.4.1.	Каникулы и отдых.	+	Мир вокруг нас: животные и растения.

«Ағылшын тілі» пәнінен 2-сыныптың жаңа бағдарламасы мен 3-сыныптың қолданыстағы бағдарламасы бойынша оқу материалының мазмұнын зерделеу нәтижесінде педагог-практиктер шағын жинақты мектепте келесі тақырыптарды біріктіріп оқытуды ұсынып отыр:

1. Welcome және Hello again!
2. Unit Sport (3 grade) және I can/can't; Can you/she/he …
3. Unit Me (3grade) және People I know
4. Units Clothes and Things we do (3 grade) және Class photos
5. Unit Food (3 grade) және Special days

Көрсетілген тақырыптардағы грамматикалық материалдар ұқсас, сол себепті біріктірілген сыныпта біртақырыптық сабақтарды жоспарлауға қолайлы. 2-3 сыныптардағы оқу жүктемесінің сағат сандары сәйкес келеді, аптасына 2 сағат, оқу жылында жалпы 68 сағат.

Орта буында «Ағылшын тілі» пәнінен мысал ретінде 5-6 сыныптардың оқу материалдарының мазмұны салыстырылды. 5-сыныпта жаңартылған бағдарлама бойынша 9 модуль қарастырылған:

1.Home and away
2.Living things
3.Values
4. The world of work
5.Creativity
6.Reading for pleasure
7.Fantasy world
8. Sports
9. Holidays

Жалпы оқу жүктемесі 102 сағат, аптасына 3 сағат. 6-сыныптағы қолданыстағы оқу бағдарламасының мазмұны 5 модулге бөлінген:

1.Health (9 hours)
2.Food (9 hours)
3.Education(14 hours)
4.Travelling (18 hours)
5.English- speaking countries (18 hours)

Жалпы оқу жүктемесі 6-сыныпта 68 сағат, аптасына 2 сағат. Демек, 5-6 сыныптардағы сағат сандары сәйкес келмейді. Бұдан бөлек, 5-6 сыныптарда өтілетін оқу материалының мазмұнында да, жаңартылған және қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша көп сәйкестік жоқ. Осыған орай, біріктірілген 5-6 сыныптарда ағылшын тілінен негізінен саралап оқыту тәсілін қолдануды ұсынамыз. Екі сыныптың оқу материалының мазмұнын зерделеу кестесі және ондағы біртақырыптық сабақтарды өтуге ұсынылатын оқу материалының сәйкестігі төменде келтірілген.

«Ағылшын тілі» пәнінен біріктірілген
5-6 сыныптарындағы жаңартылған және қолданыстағы
бағдарлама бойынша оқу материалдарының сәйкестігі

Разделы 5 кл.	Содержание учебного материала 5-го класса	Соответствие тем учебного материала	Содержание учебного материала 6-го класса	Разделы 6 кл.
5.5.	Creativity	+	English speaking countries	6.5
5.8	Sports	+	Health	6.1
5.9	Holidays	+	Travelling	6.4

2017-2018 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына көшірілуіне байланысты, біріктірілген 5-7 сыныптар жаңа бағдарламамен оқиды. Сондықтан 5-7 сыныптардың оқу материалының мазмұнын зерделеу кестесінің үлгісін және ондағы біртақырыптық сабақтарды өтуге ұсынылатын оқу материалының сәйкестігін беріп отырмыз.

«Ағылшын тілі» пәнінен біріктірілген
5-7 сыныптарындағы жаңартылған бағдарлама
бойынша оқу материалдарының сәйкестігі

Бөлім	Оқу материалының мазмұны 5-сынып	Оқу материа-лының сәйкестігі	Оқу материалының мазмұны 5-сынып	Бөлім
1 term				
5.1 5.2 5.4 5.5	**1 Homes** **Cities and countries** **Weather and climate** ***Content*** 5.1.9.1use imagination to express thoughts, ideas, experiences and feelings 5.1.6.1. organise and present information clearly to others ; ***Listening*** 5.2.6.1- deduce meaning from context in short, supported talk on an increasing range of general and curricular topics; 5.2.7.1-recognize the opinion of the	+	**4 Space and Earth** **Content** **7.1.9.1-**use imagination to express thoughts, ideas, experiences and feelings; 7.1.6.1- organize and present information clearly to others; **Litening** 7.2.6.1 -deduce meaning from context with little support in extended talk on a limited range of ge 7.2.5.1-recognize the opinion of the speakers in	7.1 7.2 7.4 7.5

	speaker(s) in basic, supported talk on an increasing range of general and curricular topics ***Reading*** 5.4.1.1- understandthe main points in a limited range of short simple texts on general and curricular topics; ***Writing*** 5.5.1.1- plan, write, edit and proofread work at text level with support on a limited range of general and curricular topics; 5.5.6.1- link, with some support, sentences into coherent paragraphs using basic connectors on a limited range of familiar general topics;		supported extended talk on a range of general and curricular topics neral and curricular topics; **Reading** 7.4.1.1 - understand the main points in texts on a limited range of unfamiliar general and curricular topics; **Writing** 7.5.1.1 - plan, write, edit and proofread work at text level with some support on a range of general and curricular topics; 7.5.6.1- link with little or no support, sentences into coherent paragraphs using a variety of basic connectors on a range of familiar general topics and some curricular topics	
3 term				
5.1 5.3 5.4	5 Creativity Art Music Stories and poems ***Content*** 5.1.3.1- respect differing points of view; 5.1.5.1 - use feedback to set personal learning objectives; ***Speaking*** 5.3.3.1- give an opinion at sentence level on a limited range of general and curricular topics; ***Reading*** 5.4.3.1- understand the detail of an argument on a limited range of familiar general and curricular topics; 5.4.6.1- recognize the attitude or opinion of the writer in short texts on a limited range of general and curricular topics	+	6 Entertainment and Media **Content** 7.1.3.1- respect differing points of view 7.1.5.1- use feedback to set personal learning objectives; **Speaking** 7.3.3.1- give an opinion at discourse level on a growing range of general and curricular topics; **Reading** 7.4.3.1- understand the detail of an argument on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts; 7.4.6.1- recognize the attitude or opinion of the writer on a range of unfamiliar general and curricular topics	7.1 7.3 7.4
5.1 5.2	6Reading for pleasure ***Content*** 5.1.4.1- evaluate and respond	+	5 Reading for Pleasure **Content** 7.1.4.1- evaluate and	7.1 7.2

	constructively to feedback from others; 5.1.7.1- develop and sustain a consistent argument when speaking or writing; ***Listening*** 5.2.7.1- recognize the opinion of the speaker(s) in basic, supported talk on an increasing range of general and curricular topics;		respond constructively to feedback from others; 7.1.7.1- develop and sustain a consistent argument when speaking or writing; **Listening** 7.2.5.1- recognize the opinion of the speakers in supported extended talk on a range of general and curricular topics;	
4 term				
5.1 5.3 5.4	***8 Sports*** Sport for all Rules and respect Human body and exercise ***Content*** 5.1.1.1- use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups; 5.1.7.1- develop and sustain a consistent argument when speaking or writing ***Speaking*** 5.3.7.1- use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics ***Reading*** 5.4.1.1- understand the main points in a limited range of short simple texts on general and curricular topics;	+	***8 Healthy Habits*** **Content** 7.1.1.1- use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups; 7.1.7.1- develop and sustain a consistent argument when speaking or writing; **Speaking** 7.3.7.1- use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a growing range of general topics, and some curricular topics; **Reading** 7.4.1.1 - understand the main points in texts on a limited range of unfamiliar general and curricular topics;	7.1 7.3 7.4
5.1 5.4	9 Holidays Destinations Holiday Activities Transport ***Content*** 5.1.3.1- respect differing points of view; 5.1.4.1- evaluate and respond constructively to feedback from others;5.1.8.1- develop intercultural awareness through reading and discussion ***Reading*** 5.4.2.1- understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range	+	3 Holidays and Travel **Content** 7.1.3.1- respect differing points of view 7.1.4.1- evaluate and respond constructively to feedback from others; 7.1.8.1- develop intercultural awareness through reading and discussion; **Reading** 7.4.2.1- understand specific information and detail in texts on a range of familiar	7.1 7.4

	of general and curricular topics;		general and curricular topics	

Бөлімдер мен тоқсанның жиынтық бағалауына 1 сағаттан бөлу ұсынылады.

1 term- 7 week (21 hours)
1 unit-9 hours
2 unit-7 hours
SAU-2 hours
SAT-1 hours
Reading-2 hours(every month)

2 term- 9week (27 hours)
3unit-10 hours
4 unit-12 hours
SAU-2 hours
SAT-1 hours
Reading-2 hours (every month)

3 term- 10week (30 hours)
5unit-12 hours
7 unit-12 hours
SAU-2 hours
SAT-1 hours
Reading-3 hours (every month)

4 term- 8week (24 hours)
8unit-10 hours
9 unit-9 hours
SAU-2 hours
SAT-1 hours
Reading-2 hours (every month)

Сонымен бірге қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша оқитын біріктірілген 7-8 сыныптарда да саралап оқыту тәсіліне көбірек жүгінеміз. Ағылшын тілінен 7 және 8 сыныптардағы сағат сандары да өзгеше, тиісінше оқу жылында 102 және 68 сағат. Біртақырыптық сабақтарды жоспарлауға ұсынылатын оқу материалы келесі кестеде берілген.

«Ағылшын тілі» пәнінен біріктірілген
7-8 сыныптардағы жаңартылған және қолданыстағы
бағдарлама бойынша оқу материалдарының сәйкестігі

Бөлім	Оқу материалының мазмұны 7-сынып	Оқу материа-лының сәйкестігі	Оқу материалының мазмұны 8-сынып	Бөлім
7.1.	Hobbies and Leisure		Kazakhstan is my Motherland	8.1
7. 2.	Communication and Technology	+	New Technology	8.2

7.3.	Holidays and Travel		Education in Kazakhstan and in the USA	8.3
7.4.	Space and Earth			
7.5.	Reading for pleasure		The outstanding people of Kazakhstan and English-speaking countries, their influence on world culture	8.5
7.6.	Entertainment and Media			
7.7.	Natural Disasters	+	The flora and fauna	8.4
7.8	Healthy Habits			
7.9	Clothes and Fashion			

«Жаратылыстану» пәнінен 2-сыныптың жаңартылған бағдарламасының мазмұнын және 3-сыныптың қолданыстағы оқу бағдарламасының мазмұнын талдау көрсетіп отырғанындай, екі сыныпқа арналған оқу материалының 74 % сәйкес келеді. **«Жаратылыстану»** және **«Дүниетану»** пәндері бойынша оқу материалы мазмұнын зерделеу кестесінде «+» белгісімен 2,3-сыныптарды біріктіріп оқытуда біртақырыптық сабақтарды өтуге арналған оқу материалы белгіленген. Оқу материалының негізгі бөлігінің сәйкес келуіне байланысты 2,3-біріктірілген сыныптарға арналған «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша жоспарларды әзірлеуде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жасалған 2-сыныптың «Жаратылыстану» пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспарын басшылыққа алу ұсынылады.

«Жаратылыстану» пәнінен 2-сыныптың жаңартылған бағдарламадағы оқу материалының «Дүниетану» пәнінен 3-сыныптың қолданыстағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі

№	«Жаратылыстану» пәнінен оқу материалының мазмұны 2 сынып	Оқу материалының сәйкестігі	«Дүниетану» пәнінен оқу материалының мазмұны 3 сынып
1-тоқсан Өзім туралы Менің отбасым және достарым			
1 - бөлім - Мен зерттеушімін	1.1.1.1 - қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру	+	Денелер.Заттар.

1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 - қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 - көрсетілген экспериментті түсіндіру	+	Математиканың дүниетанумен байланысы «Табиғат әлемі»
2-бөлім - Жанды табиғат 2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 - өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың тіршілік формаларын анықтау; 1.2.1.2 - өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1.2.1.3 - жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; 1.2.1.4 - өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1.2.1.5 - мәдени өсімдіктерге күтім жасау жолдарын сипаттау	+	Өсімдіктердің алуан түрлілігі
2.2 Жануарлар	1.2.2.1 - жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 1.2.2.2 - жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 - жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру	+	Жануарлар дың алуан түрлілігі
1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 - қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 - көрсетілген экспериментті түсіндіру	+	Табиғат құбылыстары
2-тоқсан			
2.3 Адам	1.2.3.1 - адам денесінің негізгі мүшелерін және олардың қызметтерін атау; 1.2.3.2 - адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 - адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау	+	Адам ағзалары.Олардың қасиеті Тері және оның атқаратын қызметі Тыныс алу жүйесі Ас қорыту жүйесі Жүйке жүйесі

5.1 Күш және қозғалыс	1.5.1.1 - түрлі денелердің қозғалуына мысал келтіру; 1.5.1.2 - қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 - қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету	+ +	Тірек-қимыл жүйесі.Қаңқа Қан айналым жүйесі.Жүрек Бақылау жұмысы
1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 - қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 - көрсетілген экспериментті түсіндіру	+	Зертханалық жұмыс
3.2 Ауа	2.3.2.1 - біздің ғаламшарымыз үшін ауаның маңызын түсіндіру; 2.3.2.2 - ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2.3.2.3 - ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылуөткізгіштігін зерттеу	+	Ауа
3.3 Су	2.3.3.1 - судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2.3.3.2 - судың агрегаттық күйінің өзгеру үдерісін зерттеу; 2.3.3.3 судың табиғи көздерін анықтау	+	Табиғаттағы су Бұлт. Жауын –шашын Бақылау жұмыстары «Ауа. Су»
1.2Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 - «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 - бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 - бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 - бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 - құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 - эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар,	+	Топсаяхат

	жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 - эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру		
3-тоқсан			
3.4 Табиғат ресурстары	2.3.4.1 - табиғат ресурстарының қолданысын анықтау; 2.3.4.2 табиғат ресурстарыншығу тегі бойынша жіктеу	- + - - + + +	Тау жыныстары Кенді пайдалы қазбалар Гранит. Әктас. Құм. Саз. Тұз Мұнай мен табиғи газ. Пайдалы қазбаларды қорғау Топырақ. Топырақты қорғау
1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 - «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 - бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже);	 - +	Топсаяхат
4.1 Жер	2.4.1.1 - Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 Жердің табиғи серігін анықтау	-	
4.2 Ғарыш	2.4.2.1 - Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; 2.4.2.2 - Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру	-	
4.3 Кеңістік және уақыт	2.4.3.1 - негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2.4.3.2 - ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру		
1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 - «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.4 - бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 - құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау		
5.2 Жарық	2.5.2.1 - кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу		

5.3 Дыбыс	2.5.3.1 - дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу	+	Сезім мүшелері
5.4 Жылу	2.5.4.1 - түрлі денелердің температурасын өлшеу		
5.6 Магниттілік	2.5.6.1 - магниттерді қолдану аясын сипаттау		
1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 - «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.5 - құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 - эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 - эксперимент жүргізу және оның нәтижелерінкестегетүсіру		

«Математика» пәнінен 2-ші және 3-сыныптардың сағат санында айырмашылық бар. 2-сыныпта оқу жылындағы оқу материалының көлемі 136 сағатқа берілген, яғни, аптасына 4 сағат, ал 3-сыныпта оқу материалының көлемі 170 сағатқа жоспарланған, аптасына 5 сағат. Әдістемелік ұсынымдарда шағын жинақты мектептің 2-ші және 3-ші біріктірілген сыныптары үшін математика пәнінен 136 сағатқа жасалған ұзақ мерзімді жоспар үлгісі берілді. 3-сыныптағы аптасына 1 сағатқа сәйкес келетін артық 34 сағаттық оқу материалын, сабақ кестесін реттеу арқылы, бөлек өткізу ұсынылады. 3 сыныптағы оқу материалының мазмұны бойынша жеке сабақ түрінде жоспарлап өткізуге ұсынылатын 34 сағат көлеміндегі тақырыптар төменде берілген:

1. Пропорционал шамалар.
2. Қалдықпен бөлу және оны тексеру.
3. Қалдық қалатын жазбаша бөлу.
4. 100-ге дейінгі көбейту және бөлу.
5. 1000-ға дейінгі сандармен арифметикалық амалдарды орындау.
6. Кестелік және кестеден тыс көбейту мен бөлу.
7. Есептеудің жазбаша тәсілі.
8. Шамалар.
9. Геометриялық шамалар.
10. Теңдеу , теңдік, теңсіздік.
11. Өрнектер.

Математика пәні бойынша 3-сыныптағы 0-ден 1000-ға дейінгі сандар тақырыбын 2-сыныптағы екі таңбалы сандардың графикалық моделін құру разрядтық кестені пайдалану мақсатына сәйкестендіруге болады.

«Математика» пәні бойынша 5 сыныптағы және «Алгебра» мен «Геометрия» пәні бойынша 7 сыныптағы жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламасын талдауда оқу материалының сәйкестігі шамамен 24 % құрайды. Бұл ұзақ мерзімді жоспарды әзірлеуде шағын жинақты мектептердің жағдайында бірқатар тақырыптарды біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, «Дәреже» тақырыбы бойынша сабақтарды біріктіру мүмкін, себебі 5 сыныптың бастауыш сыныптағы математикадан базалық білімдері бар. «Алгебралық бөлшектер» тақырыбын 7 сыныпта зерделеу үшін 5 сыныптағы «Жай бөлшектер» тақырыбын қайталап, жүйелеу ұсынылады. Біріктірудің осы нұсқасын орта мерзімдің жоспарды жасауда тірек нұсқасы түрінде пайдалану ұсынылады.

Оқу бағдарламасының тұтастығы мен қисынды ретін бұзбау мақсатымен, тақырыптардың уақыттағы айырмашылығын ескере отырып, сабақтардың негізгі бөлімін саралап, қайталау және жинақтау, бақылау жұмыстары сабақтары мен сынақтарды біріктіріп өткізуді ұсынамыз.

7-8 сыныптарға арналған «алгебра» оқулығындағы оқу бағдарламасында, «$y=ax^2$, $y=ax^3$ және $y=k/x$ ($k\neq0$) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері», «Квадраттық функция. $y = ax^2+n$, $y = a(x-m)^2$ функциялары және олардың графиктері», «Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті» және «Рационал теңдеулер» бөлімдері бойынша оқу мақсаттарындағы сәйкестіктер сабақ жоспарында біріктірілген оқу іс-әрекетін жоспарлауға мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектептің біріктірілген 7,8-сыныптарында аталып өткен бөлімдер бойынша біртақырыптық сабақтар өткізуге болады. Өзге тақырыптар бойынша математика пәнінен 7,8- сыныптарды біріктіргенде сабақ жоспары бірпәнді сабаққа арналып жасалады және сараланған тапсырмалар алынады**.**

«Математика» пәнінен қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша 2-3 сыныптардағы оқу материалының сәйкестігі

I тоқсан			
№	**Оқу материалының мазмұны 2 сынып**	**Тақырыптардың сәйкестігі (3сынып)**	**Оқу материалының мазмұны 3 сынып**
1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	2.1.1.1 - 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну; 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	+	0-ден 1000-ға дейінгі сандар. Ауызша қосу және азайту.

	2.1.1.2 - екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру 2.1.1.3** - екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу;		
5.2 атематикалық тіл	2.5.2.1 - екітаңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені пайдалану	-	
1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.4** - біртаңбалы сандарды о екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру ндықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану 2.1.2.5** - біртаңбалы сандарды ондықтан сандардыауызша қосу және азайтуды орындау 2.1.2.3** - қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	+	Үш таңбалы сандарды есептеудің жазбаша тәсілі
2.1 Сандық және әріптік өрнектер	2.2.1.6 - екі-үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектере арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	+	Сандармен амалдар орындау
5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.1 - бір; екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу 2.5.1.8** - барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер түрінде модельдеу және шығару	+	Есептер шығару
1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	2.1.3.1 - әртүрлі өлшеу құралдары шәкілдерін бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау 2.1.3.2** - ұзындық (м)/ масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу 2.1.3.3** - шамалар мәндерін: ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау 2.1.3.4** - ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп	+	Атаулы сандар мен амалдар орындау

	түрлендіру		
ІІ-тоқсан			
1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	2.1.1.4 - санаудың ірі бірлігі – жүздікті құрастыру санаудың ірі бірлігі – жүздікті құрастыру; 1000-ға дейін жүздіктермен санау, жазу, салыстыру; 1000-ға дейін жүздіктермен санау, жазу, салыстыру	+	Көптаңбалы сандарды жазу, салыстыру, оқу
1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.3** - қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану 2.1.2.5 - біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту/300+200 (3жүзд.+2жүзд.), 170-130 (17онд.-13 онд) түрінде ауызша қосу және азайтуды орындау 2.1.2.7 - мынадай жағдайларда: 45±9,, 40-14, 100-35 ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау; 2.1.2.8 - мынадай жағдайларда: 34+ 23, 57-23; 47+33; 80-47 100-35 екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану;	+	Көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеті
4.3 Тізбектер	2.4.3.1 - 100-ге дейінгі сандар, 1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау 2.4.3.2 - берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	+	100-ге дейінгі сандар, 1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау
5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.1** екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу 2.5.1.7** - екі амалмен шешілетін есептерді модельдеу және шығару 2.5.1.8** - құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу және шығару	+	Кестелік және кестеден тыс көбейту мен бөлу

1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	2.1.1.3** - 12-ге дейін сандардың рим нөмірлеуін оқу, жазу және қолдану; 2.1.3.3 - шамалар мәндерін: ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау 2.1.3.4 - шамалар мәндерін: ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау 2.1.3.5 - циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут	+	Шамалар
4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	2.4.1.2 сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша сандық жиындар құру және жіктеу (бөліктеу) 2.4.1.3 - жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу; элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау	+	2-ге бөлінетін сандар
